БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# Ленин туы

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 227 (9545) | 1954 жылғы 16 ноябрь Сейсенбі | Шығуына 35 жыл. Жеке саны 20 тиын.

## БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

МАЛ ҚЫСТАТУДЫ ТАБЫСТЫ ӨТКІЗУ ОҒАН ҮЛГІЛІ ӘЗІРЛЕНУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ: **И. Балықбаев.** — Жемшөп мол. **А. Бушуев.** —Мал шаруашылығы өнімдерін көп сатайық. **Б. Жақыпов.** —Қоғамдық малға қамқорлық жоқ (1-бет).
**З. Қаскеев.** —Дәулетті колхоз (1-бет).
ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ: Партия басшылығы жаңа, өскелең міндеттердің дәрежесінде болсын. **В. Исаков.** —Коммунистердің авангардтық ролі (2-бет).
АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ШЕБЕРЛЕРІН ДАЯРЛАУ — АСА МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ: **В. Ли.** —Колхозшылардың агротехникалық оқуы ұйымшылдықпен жүргізілсін. **Б. Борзаковский.** — Біздің МТС-тегі курстарда (2-бет).
Петропавл қаласында халық соттарының (халық судьяларын және халық заседательдерін) сайлауын өткізетін сайлау пункттерін құру туралы (3-бет).
**Т. Исаева.** —Барлық колхозда балалар яслилері ұйымдастырылсын (3-бет).
**М. Учайкина.** —Кітапхана жұмысын жақсарта берэмі: (3-бет).
**А. Сергеев.** —Қоғамдық мал шаруашылығын өркендетудеміз (3-бет).
**Ә. Сүлейменов.** —Бір мектептің жұмысындағы кемшіліктер (4-бет).
**С. Танабаев.** —Үлгілі спорт коллективі (4-бет).
Шетел хабарлары (4-бет).

## Жаңа совхоздарда құрылыс жұмыстары жеделдетілсін

СОКП Орталық Комитетінің февраль-март Пленумы партия, совет ұйымдары мен ауыл шаруашылығы органдары қызметкерлерінің алдына тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен дәнді дақылдар егісінің көлемін ұлғайту, сөйтіп, елімізде астық молшылығын жасау міндетін қойды. Коммунистік партия мен Совет Үкіметі алға қойған бұл ұлы міндеттерді жүзеге асыру күресіне белсене қатысу үшін сүйікті астанамыз Москвадан, даңқты Ленин қаласынан және басқа ірі өнеркәсіп орталықтары мен туысқан республикалардан облысымызға мыңдаған патриоттар келді.

Мемлекет жаңа жерлерді игеруге келген патриоттарды қазіргі отандық қуатты техникамен қамтамасыз етті. Олардың өнімді еңбек істеуіне барлық қажетті жағдайларды туғызды. Тың жерлердегі патриоттар семьясы жергілікті партия, совет ұйымдарының басшылығымен қажырлы еңбек етті. Соның нәтижесінде облыс бойынша тың және тыңайған жерлерді игеру жоспары артығымен орындалды. Жаңа совхоздар коллективтері тың жерлерде бітік егін өсірді.

Кәзіргі тың игерудегі қол жеткен табыстар партия алға қойған ұлы міндеттерді жүзеге асырудың алғашқы адымы ғана. Социалистік ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету, таяудағы екі- үш жылдың ішінде елімізде астық молшылығын жасау, сөйтіп жеңіл тамақ өнеркәсіптерін шикі затпен қамтамасыз ету міндеттері әлі де көптеген жұмыстар істеуді керек ететіні сөзсіз.

Коммунистік партия істің тетігін кадрлар шешеді деп үйретеді. Ендеше жаңа жерлерге келген жұмысшылар мен қызметшілерге қамқорлық жасау, оларды пәтер үйлермен және басқаларымен қамтамасыз етіп, олардың өнімді еңбек істеуіне қолайлы жағдай туғызу жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органдарының күнбе-күн көңіл бөлетін аса маңызды мәселелерінің бірінен саналады. Жаңа жерлердегі құрылыс жұмыстарын жеделдетуге, сөйтіп, совхоз жұмысшылары мен қызметшілерін пәтер үйлермен қамтамасыз етуге біздің совхоздарда барлық мүмкіншіліктер бар. Мемлекет облысымыздағы жаңа совхоздардағы құрылыс жұмыстарына 20 миллион сом қаржы бөлді. Оларды құрылыс материалдарымен қамтамасыз етіп, ...лар, монша, ... клуб үйлері салынып, олар пайдалануға берілді.

Жданов атындағы совхозда құрылыс жұмыстарына 2,4 миллион сом қаржы бөлінген еді. Бұл қаржы толық жұмсалды. Совхозда 27 құрастырмалы үй құрастырылды. Бұдан басқа жатақхана, 12 тұрғын үй, асхана, нан пісіретін орын, монша, 2 қойма салу құрылысы бітті.

Жаңа жерлерде құрылыстар салу жұмысында елеулі кемшіліктер де жоқ емес. Мұның негізгі себебі Петропавл совхоздар тресінің (директоры Зенченко жолдас) совхоздардағы құрылыс жұмыстарына нашар басшылық жасауынан, қажетті құрылыс материалдарын дер кезінде жергілікті жерлерге жеткізбеуінен туып отыр. Быйыл жаңадан ұйымдастырылған «Совхозстрой» мекемесінің (бастығы Олифер, бас инженері Измаилов жолдастар) жұмысы да нашар. «Совхозстрой» мекемесі ең алдымен Петропавл, Булаево, Мамлютка станцияларына келген құрастырмалы үйлердің және құрылыс материалдарының совхоздарға дер кезінде жеткізілуін дұрыс ұйымдастыра алмады. Оның үстіне мекеменің қызметкерлері жергілікті жерлерде болып, құрылысшылар бригадаларына жұмыс үстінде практикалық көмек көрсете алмады. Мұның бәрі кейбір совхоздарда құрылыс жұмыстарының төзгісіз ұзаққа созылуына әкеліп соқты.

Кейбір совхоздардың басшылары құрылыс жұмыстарына жете көңіл бөлмейді. Құрылысшылар арасында социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, алдыңғы қатарлы құрылысшылардың жұмыс үлгілерін насихаттап отырмайды. Сөйтіп, істегі кемшіліктерді жоюға шешуші шара қолданбай, кемшілікке көріне-көзге жол береді. Дзержинский атындағы, Ишим, Интернационал совхоздарындағы құрылыс жұмыстарының төзгісіз ұзаққа созылуын, міне, дәл осындай себептермен ғана түсіндіруге болады. Мәселен, Ишим совхозында жоспар бойынша 7 пәтерлі 3, екі пәтерлі 15 үй пайдалануға берілуге тиіс еді. Ал күні осы уақытқа дейін бұлардың жартысына жуығы да біткен жоқ. Мұнда монша салу, құдық қазу қолға да алынбаған. Дзержинский атындағы және Интернационал совхоздарында да құрылыс жұмыстарының жайы дәл осындай. Мұндай төзгісіз жағдай аталған совхоздардың директорлары Махортов, Гайдуков және ...

# Мал қыстатуды табысты өткізу оған үлгілі әзірленуге байланысты

☆

## Жемшөп мол

Ленин ауданындағы «Бұлақ» колхозының колхозшылары қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде елеулі табыстарға жетіп келеді. Қоғамдық малды күтуде, олардың өнімділігін арттыруда озат мал өсірушілердің қатары күн санап көбейе түсуде. Мысалы, О. Бейсенбаев жолдас мал күтудегі өзінің қажырлы еңбегімен колхозшылар арасында озат малшы деген құрметті атаққа ие болды. Ол 280 бас сыйыр малын бағады. Жаз бойы бірде-бір малды шығынға ұшыратпай, адал жұмыс істегені үшін 866 еңбеккүн тапты. Ал оның жұбайы Ұрқия Бейсенбаева да еңбек майданында күйеуінен қалыспай, қарауындағы 12 сыйырдан 12162 килограмм сүт сауды. Оның сүт сауудағы табысы үшін 525 еңбеккүн жазылды. Кәзір Бейсенбаев семьясы тек авансқа ғана 700 пұт астық, 800 сом ақша алды. Осы колхоздың мал өсірушілері Қ. Әлімжанов, Д. Мухамедиев жолдастар да 500 еңбеккүннен тапты.

Колхоз мүшелері қоғамдық малға деп 28 мың центнер сапалы шөп әзірледі. Сонымен бірге аңыз орнындағы сабан-топанды толық жыйнап алды. Мол әзірленген мал азығы зыян болған жоқ. Артық 2000 центнер шөп, 2000 центнер сабан Мамлют ауданының «Заветы Ильича» колхозына берілді. Оның үстіне сол колхоздың қоғамдық малы үшін 200 бас мал тұратын бір қора босатылды.

Колхоз жазда әзірленген шөптерді мал қораларының жанына тасып жеткізуде. Шөп шабу науқанында коммунист Таймоллин жолдас басқарған № 3 бригада үздік алда болып, 14 мың центнер шөп әзірленген болатын. Ол дайындалған пішенді кәзір мал қоралары жанына тасый бастады. Осы сияқты, коммунист Мәжкеев жолдас басқаратын № 1 бригада мүшелері де мал қоралары жанына жаздағы дайындалған пішеннің 57 процентін жеткізді. Мал қоралары жанына жемшөп тасу жұмысы осы күндері қызу жүргізіліп жатыр.

**И. БАЛЫҚБАЕВ.**

## Жаңа құрылыс

☆

## Мал шаруашылығы өнімдерін көп сатайық

Коммунистік партия мен Совет Үкметі социалистік ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің алдына егін шаруашылығымен бірге мал шаруашылығын да шұғыл өркендету міндетін қойып отыр. Сонымен қатар, мал шаруашылығын өркендетуге, атап айтқанда малдың санын көбейтіп, оның өнімділігін барған сайын арттыра беруге керекті жағдайлардың барлығын жасады.

Партия мен үкметіміз колхоздың, совхоздың колхозшы шаруалар мен жұмысшы-қызметкерлердің материалдық ынталылығын арттыру үшін олардың мемлекетке міндетті түрде тапсыратын мал шаруашылығы өнімдері мөлшерін едәуір кемітті. Оның үстіне мал шаруашылығы өнімдерін сатып алу бағасын бұрынғыдан анағұрлым көп арттырды.

Мемлекеттік сатып алу орындары колхоздарға, совхоздарға, колхозшыларға, сондай-ақ, жұмысшылар мен қызметкерлерге сатқан мал шаруашылығы өнімдері есебіне қажет еткен шаруашылық тұтыну товарларын көптеп беретін болды. Мұның барлығы партия мен үкметіміздің совет адамдарына, колхоздарға, совхоздарға жасап отырған орасан зор қамқорлығы болып табылады.

Бұл зор қамқорлыққа жауап ретінде облысымыздың көптеген колхоздары мен совхоздары, колхозшылары мен жұмысшы-қызметкерлері мемлекетке міндетті түрде тапсырылатын ет, сүт, жүн, жұмыртқа, тағы басқа да өнімдерді мерзімінен бұрын өткізіп, кәзір олар бұл өнімдерді мемлекеттік сатып алу орындарына тапсыруда. Бұл істе бірқатар жергілікті дайындау және қабылдау орындары өздерінің міндеттерін ойдағыдай орындап келеді.

Петропавл ауданының «Красный пахарь», Пушкин атындағы, Конюхов ауданының Мичурин атындағы, «Колос», «Новый путь», Приешім ауданының «Образцовый», «Новая жизнь», Полудень ауданының «Прогресс», Соколов ауданы...

...грамм сүт сатты. Попелло жолдас тағы да 500 килограмм сүт сатуды ұйғарып отыр. Осы ауданның Екатериновка селосының тұрғындары Н. Калинко 1000 литр, М. Доровик 1100 литр, К. Ефименко 1200 литр сүт тапсыруға шарт жасасып, оның жартысынан артығын кәзірдің өзінде тапсырды. Ал мұндай жеке колхозшылар мен жұмысшы-қызметкерлер басқа аудандарда да көптеп саналады.

Алайда облысымыздың көптеген колхоздары, әсресе жекелеген колхозшылар мен жұмысшы қызметкерлер өздерінің мемлекетке міндетті түрде тапсыруға тиісті мал шаруашылығы өнімдерін өткізбей келеді. Осының салдарынан олар мал шаруашылығы өнімдерін тапсыру ісін бөгеуде. Бұған Мамлют, Совет, Октябрь және Преснов аудандарында мемлекетке міндетті түрде тапсырылатын мал шаруашылығы өнімдері жоспарының 50- 60 процент ғана орындалуы толық дәлел. Ал, бұл аудандарда сатып алу орындарына ет, сүт, жүн, жұмыртқа сатудың жайы бұдан да нашар.

Бұл аудандардағы дайындау мекемелерінің, аудандық тұтынушылар одақтарының қызметкерлері колхозшылар мен жұмысшылар арасында түсінік жұмыстарын жеткіліксіз жүргізіп келеді. Олармен сауда орындарының байланысы әлі де нашар

Сол-ол ма, Ленин, Октябрь, Полудень аудандарының көп сауда орындары мал шаруашылығы өнімдерін сатып алуға әлі күнге кіріскен де жоқ. Ал аудандық тұтынушылар одағының басшылары бұл маңызды жұмысты кезекке қойып, жауапсыз қарап жүр. Тұтыну кооперацияларында мал шаруашылығы өнімдерін сатушыларға арналған өндірістік товарлар жоқтың қасы. Кейбір жерлерде бұл мақсатқа арналған товарларды орынсыз сатушылық бар. Мысалы осы айтылған жағдай Кривоозер сельпосында орын алған. Бұл селодағы сельпо меңгерушісі Сартаков және сатушы Сабинская жолдастар май айыратын екі ...

☆

## ҚОҒАМДЫҚ МАЛҒА ҚАМҚОРЛЫҚ ЖОҚ

Полудень ауданындағы «Путь социализма» колхозында өткен жылы мал нашар жөнделген салқын қораларда қыстады. Қыстың екінші жартысында жемшөп азайып, малды азықтандыру нормасы кемітілді. Осының салдарынан жазғытұрым мал жайылымға шыққанда, олардың қоңы төмен болды. Жаз айларында сауын сыйырлар шөбі шүйгін жайылымдарда бағылғанымен, қыстан арық шыққандықтан олар сүтті өте аз берді. Оның үстіне сыйырлардың сүттілігін арттыру жөніндегі озаттардың тәжрибесі қолданылмады. Сондықтан үстіміздегі жылдың өткен 10 айы ішінде әрбір сауын сыйырдан небары 1195 литр ғана сүт алынды. Қоңының төмен болуынан біраз сыйыр қысыр қалып отыр.

Колхоз басқармасы өткен жылғы мал қыстатуға әзірліктегі кемшіліктердің мал басының өсуіне, оның өнімдерінің артуына тигізіп отырған кері әсерінен қорытынды шығаруға тиіс еді. Бірақ істің жайы олай болмай отыр. Колхоз председателі Мухин жолдас жаз айларында мал шаруашылығына басшылық жасаудан мүлдем тыс қалып келді. Ол шаруашылықтың бұл саласында басшылық жасауды тек ферма меңгерушілерінің міндеті деп теріс түсінді. Ал ферма меңгерушілері мал қыстатуға әзірлік жұмыстары жөнінде колхоз председателінің нұсқауын, басшылығын күтумен болды.

Мұның ақыры мал үшін жемшөп дайындау жоспарының орындалмауына, мал қораларының толық жөнделмеуіне әкеліп соғып отыр. Кәзір фермаларда мал қолда күтіле бастады. Малшылар түнгі уақытта малды толық жөнделмеген қораларда күтуге мәжбүр болып отыр. Оның үстіне фермалардағы қоралар жеткіліксіз.

Колхозда пішен дайындау жоспары 26 процент, жемшөп сүрлеу жоспары жартылай ғана орындалды. Мұның өзі мал азығының быйыл да тапшы болу хаупін тудырып отыр. Бірақ бұл жағдай колхоз басшыларын қынжылтар емес. Олар тіпті сабан-топанды маялауды да нашар ұйымдастырып келеді. Осы уақытқа дейін дәнді дақылдар егісі ...

...риалдарымен, техникамен толық қамтамасыз етті. Ендігі мәселе осы қолда бар мүмкіншіліктерді дұрыс, іскерлікпен пайдаланып, құрылыс жұмыстарының қарқынын мейлінше жеделдетуде болып отыр.

Облысымыздың бірқатар алдыңғы қатарлы шаруашылықтары жаңа жерлердегі құрылыс жұмыстарына үлкен мемлекеттік жауапкершілікпен қарап, қысқа мерзім ішінде бірқатар тұрғын үйлердің және қоғамдық мекемелердің, электр станцияларының, қоймалардың дер кезінде салынуын қамтамасыз етті. Соның нәтижесінде бұрын ел мекендемеген жапан түзде әдемі түзу көшелері бар, сәулетті жұмысшы поселкелері пайда болды. Булаев астық совхозында 8 пәтерлі 3, 4 пәтерлі 13 үй және бірнеше бір пәтерлі тұрғын үйлер салынуға тиіс еді. Бұл үйлерді құрастыру, салу жұмыстары негізінен аяқталды. Совхоздағы Мухин жолдас бастаған құрылысшылар бригадасы аз уақыттың ішінде-ақ 8 пәтерлі 2, 4 пәтерлі үш, 2 пәтерлі бір үйдің құрылысын аяқтап, оны пайдалануға берді. Совхозда мектеп, байланыс бөлімшесі, магазин, қойма салу жұмыстары да аяқталды.

Жданов атындағы, Маленков атындағы, Москворецк совхоздарында да құрылыс жұмыстары қызу қарқынмен жүргізілуде. Бұл совхоздарда көптеген құрылысшылар бригадалары құрылды. Быйылғы титулды жоспар бойынша жаңа совхоздарда клуб үйін салу қарастырылмаған болатын. Совхоздың комсомол-жастары игі инициатива көрсетіп, бос уақыттарында клуб үйін және көптеген тұрғын үйлер салуға міндеттенді. Бұған жергілікті материалдар—шым, қамыс, саман пайдаланылды. Соның нәтижесінде Маленков атындағы, Булаев және басқа совхоздарда

Салтыков жолдастарды тіпті абыржытпар емес.

Октябрь ауданындағы Дзержинский атындағы, Ишим және Интернационал совхоздарында жұмысшыларға тұрғын үйлердің жеткіліксіздігі, құрылыс жұмыстарының тым баяу жүргізілуі аудандық партия комитетінің секретары Патютько және аудандық Совет аткомінің председателі Мусин жолдастарға әбден мәлім. Алайда олар мұндай төзгісіз жағдайды түзеуге бағытталған нақтылы шаралар белгілеп, құрылыс жұмыстарын жеделдетуді жете ескермей отыр.

Қоңыр салқын күз өтіп барады. Енді аз күннен кейін әдеттегідей Сибирьдің аязды қысы басталады. Табиғаттың бұл өзгерісі жаңа совхоздардағы құрылыс жұмыстарын неғұрлым тездетуді керек етеді. Сондықтан совхоздардың, партия, комсомол және кәсіподақ ұйымдары құрылысшылар арасындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, әрбір құрылысшының сменалық тапсырмасын толық және асыра орындап отыруына жетігісуі керек. Мұнымен бірге құрылыс материалдарының дер кезінде жеткізілуін де үлгілі ұйымдастыру қажет. Міне, сонда ғана жаңа қоныстанушыларды тұрғын үйлермен толық қамтамасыз етуге болады.

Ұлы міндетті жүзеге асыру күресіне белсене араласып жатқан жаңа қоныстанушыларды пәтер үйлермен және басқа да тұрмыстық қажеттермен қамтамасыз ету, олардың жұмыстан бос уақыттарында мәдениетті дем алуына жағдай туғызу — жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органдарының бүгінгі таңдағы аса жауапты, әрі абройлы міндеттерінің бірі.

Октябрь ауданы, Абай атындағы колхоздың колхозшылары мал шаруашылығын өркендетуде жауапты кезең —қысқа әзірлікті ерте қолға алды. Колхоз председателінің орынбасары Исин жолдастың басқаруымен жазда біртоп колхозшылар 300 бас бұзау тұратын жаңа стандартты қора салуға кірісті. Құрылыс жұмысының алғашқы күнінен бастап комсомолецтер Галимов, Окапов, Ғабдуллин жолдастар үздік еңбек етті. Олар жұмысқа қажетті материалдар тасуға белгленіп, бұл міндетті асқан ұқыптылықпен атқарды. Бұл істе колхоз шеберлері Жақыпов, Нұртазин жолдастардың да адал еңбектенгенін айта кету қажет.

Жаңа салынған құрылыспен бірге колхозда бар бес мал қорасы жөндеуден өткізілді. Қазір бар күш дайындалған жемшөпті мал қоралары қасына тасып жеткізуге жұмылдырылған. Бұл жұмыста екі «ДТ—54» тракторы жүр. Оларды жүргізуші тракторшы Ахметов, Басығарин жолдастар күн сайын 100—150 центнерден шөп тартуды қамтамасыз етуде.

**М. БАЛАХМЕТОВ.**

...ның Пушкин атындағы және облысымыздың басқа да көптеген колхоздары мемлекетке міндетті түрде тапсырылатын мал шаруашылығы өнімдерін мерзімінен бұрын орындап шықты. Бұл күндері аталған колхоздар мемлекеттік сатып алу орындарына сүтті, етті, жүнді көптеп сатуда.

Петропавл ауданының «Красный пахарь» колхозы мемлекеттік сатып алу орындарына 1133 центнер сүт сатуға шарт жасасқан болатын. Колхоз бұл шартты толық жүзеге асырып, 314 центнер сүтті шарттағы мөлшерден артық сатты. Мұнда сүт сату жұмысы әлі де тоқтаусыз жүргізілуде. Ал мұндай колхоздар облысымызда көптеп саналады.

Мемлекеттік сатып алу орындарына тек колхоздар мен совхоздар ғана емес, сонымен бірге жеке колхозшылар да, жұмысшы-қызметкерлер де артық мал өнімдерін тапсыруда. Мәселен, Булаев ауданы Веселов селолық Советінің председателі Г. Попелло жолдас мемлекетке міндетті түрде тапсырылатын сүт жоспарын толық орындап ,алдын-ала келіскен шарт бойынша сауда орындарына 500 кило-

[illegible] өнімдерін өткізбеген Арсеев дегенге сатып жіберген. Мұның үстіне ол бірнеше пиманы тамыр- таныстарына таратып берген.

Жергілікті дайындау орындарының және тұтынушылар одақтарының қазіргі басты міндеттерінің бірі— осы айтылған кемшіліктерді дереу жойып, мемлекетке міндетті тапсырылатын мал шаруашылығы өнімдерін көптеп тапсыру және колхоздардың, совхоздардың, колхозшылар мен жұмысшы-қызметкерлердің сатып алу орындарына бұл өнімдерді көптеп сатуына жетісу. Бұған бізде мүмкіншіліктер толық бар. Әңгіме сол мүмкіншіліктерді пайдалана білуде болып отыр.

Бұл істе, демек дайындау орындарының және тұтынушылар одақтарының аталған міндеттерін ойдағыдай жүзеге асыруында жергілікті партия, совет ұйымдарының көмегі қажет болады.

**А. БУШУЕВ.**

**Облыстық дайындау мекемесінің мал шаруашылығы өнімдерін дайындау бөлімінің бастығы.**

сынан көбі маяланған жоқ.

Колхозда мал қыстатуға әзірліктің төзгісіз нашар екендігі оны қамтыйтын Ново-Георгиев МТС-нің басшыларына мәлім. Солай бола тұрса да, колхоздың мал шаруашылығына МТС тарапынан көмек аз. МТС дирекциясы фермаларда ірі сабақты азықтарды малға алдын-ала нәрлендіріп, әзірлеп беруге керекті шараларды жүзеге асыру ісін ескермей-ақ келеді.

Мал қыстатуды дұрыс ұйымдастырып, қысқы маусымда мал шығыны болмауын, мал шаруашылығы өнімдерінің кемітілмеуін қамтамасыз ету колхоз, МТС басшыларының қазіргі маңызды міндеттерінің бірі. Аталған колхоз бен МТС басшылары өздерінің ұйымдастыру, басшылық ету жұмыстарын осы міндеттер дәрежесіне сай жүргізуге тиіс. Мал қыстатудың алғашқы күндерінде байқалған кемшіліктер іс үстінде дереу жойылып отыратын болуы қажет. Мал азығы қорын толықтыруға колхозда бар резервтерді толық пайдалану керек. Мұнысыз мал қыстатуды ойдағыдай өткізу мүмкін емес.

**Б. ЖАҚЫПОВ.**
**(Өз тілшіміз).**

# Дәулетті колхоз

Бұдан бірнеше жыл бұрын «Красная крепость» ауылшаруашылық артелі Конюхов ауданында артта қалып келе жатқан колхоздардың бірі еді. 1949 -50 жылдары оның жылдық табысы 150-200 мың сомнан аспайтын. Мемлекетке астық, мал шаруашылығы өнімдерін тапсыру жоспарын орындай алмай келген. Колхозшылардың еңбеккүніне келетін еңбекақы мөлшері төмен болды. Қазір бұл колхоздағы жағдай мүлдем басқаша. Алдымен колхоз басқармасы қолынан іс келетін, шаруашылық жұмыста тәжрибесі бар, жақсы ұйымдастырушылармен толықтырылды.

Колхоз басқармасы мен бастауыш партия ұйымы жұмысты бірлесе, ақылдаса істеп, қоғамдық шаруашылықты жедел өркендету ісін дұрыс басқара білді. Ұйымдастыру және шаруашылық жұмыстарды шешу жолына колхозшылардың белсене қатысуын қамтамасыз етті. Еңбекті осылай дұрыс ұйымдастыру, әрине, өзінің игі нәтижелерін беруде.

Колхоздың негізгі шаруашылықтары— егіншілік пен мал өсіру. Соңғы жылдары колхозшы шаруалар Чистян МТС-нің механизаторларымен жұмысты тығыз ынтымақтаса істеп, егіншілікке озат агротехниканы батыл енгізу арқылы дәнді дақылдардан мол өнім алып келеді. Өткен жылы колхоз дәнді дақылдар егісінің әрбір гектарынан орта есеппен 8-10 центнер ғана өнім алды. Сөйтіп колхоздың бұл шаруашылықтан алған табысы тек 160 мың сом болды.

Колхоздың егіс көлемі быйыл тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен 1319 гектар ұлғайтылды. Бұл участоктерден жоғары өнім алынды. Мәселен Писаренко жолдас басқарған № 1 егіс бригадасының коллективі 150 гектардан астам жаздық бидай егісінің әрбір гектарынан орта есеппен 150 пұттан өнім алды. Колхоз мемлекетке астық тапсыру және МТС-ке заттай ақы төлеуді аудан бойынша бірінші болып орындап шықты. Өткен жылғыдан быйыл мемлекетке 26 мың пұт астық артық тапсырылды. Мемлекеттік сатып алу орындарына 40 мың пұт астық сатылды.

Колхозшы шаруалар қол жеткен табысты баянды ете отырып, Чистян МТС-і механизаторларының көмегімен келесі жылдың егісі үшін көп жер дайындады. Атап айтқанда, 1955 жылдың егісі үшін 1300 гектар пар, 3.469 гектар зябь жыртылды. Май айынан бері 1640 гектар жаңа жер игерілді. Мұның өзі 1953 жылғыдан төрт еседей артық.

Колхозшылар тұқымды толық құйды. Колхоз бойынша 8.324 центнер дәнді дақылдар тұқымы керек болса, қазір 8.498 центнер тұқым бар. Бұл күндері колхозшылар тұқымды кондициялы ету үшін оны тазарту жұмысын зор ұйымшылдықпен жүргізуде. Қазірдің өзінде 5 мың центнерден астам тұқым тазартылды.

Колхоздың егіншіліктен алған табысы быйылғы жылы 800 мың сомға жуық болды. Егерде өткен жылы 9 айда егіншіліктен түскен табыс 55.336 сом болса, быйыл осы мерзім ішінде 588.407 сомға жетті.

Колхоздың мал шаруашылығы да табысты салаға айналуда. Соңғы екі жыл бойы мал басын өсіру жоспары барлық түліктерден толық орындалып келеді. Мұнда қоғамдық мал шаруашылығының табысты салаларының бірі қой шаруашылығы болып отыр. Өткен бес жыл ішінде фермада қой саны 7 еседей өсіп, 3.260 басқа жетті. Демек, қой өсіру жоспары быйыл 124,5 процент, ал ферма коллективінің алған міндеттемесі 114 процент орындалды. Әрбір қойдан орта есеппен 3,5 килограмнан жүн қырқылды. Ферманың бұл өнімнен алған табысы 176.520 сом. Қой шаруашылығын өркендетуде ферма коллективінің қажырлы еңбек еткендігінде сөз жоқ.

Қой фермасының меңгерушісі коммунист Ашанин жолдас быйыл Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне барып келді. Қазір ол еліміздің озат қой өсірушілерінің бай тәжрибелерін өзінің жұмысына шебер қолдануда.

Соңғы жылдары колхоз мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін тапсыруды артығымен орындап келеді. Быйыл мемлекетке сүт, ет, жүн тапсыру жөніндегі жоспар мерзімінен бұрын орындалды. Сауын сыйырлардың сүттілігі едәуір артып отыр. Егерде өткен жылы әрбір сауын сыйырдан орта есеппен 1450 литр сүт алынса, быйыл он ай ішінде әрбір сыйырдан орта есеппен 1700 литр сүт сауылды. Ал ферманың жекелеген озат сауыншылары Писаренко, Грязнова және басқа жолдастар өздеріне бекітіліп берілген әрбір сыйырдан 1900 литрдей сүт сауды.

Мал шаруашылығынан түскен табыс өткен 9 айдың өзінде 423.113 сомға жетіп отыр. Бұл өткен жылғы табыстан екі есе артық. Колхоз басқармасы мемлекеттік сатып алу орындарына үстіміздегі жылдың төртінші тоқсанында 400 қой, 136 шошқа, 70 сыйыр малын, 30 жылқы сатпақшы. Сөз жоқ, бұдан колхоздың табысы бұрынғыдан да молая түседі.

Колхозшылар быйыл мал қыстату науқанын ойдағыдай өткізу мақсатымен оған әзірлікті ерте бастан қолға алған болатын. Осының нәтижесінде колхозда алғашқы мал қыстату күндері зор ұйымшылдықпен басталды. Быйыл жаңадан 300 бас сауын сыйырлар үшін шлак-бетонды стандартты қора салынды. Мұның өзі фермадағы еңбекті көп тілейтін жұмыстарды механикаландыруға жағдай жасайды. Қораның едендері цементтелінген. Мұнымен бірге 800 қой тұратын бір стандартты қой қорасы және мың құсқа арналған құс үйі пайдалануға берілді.

Қоғамдық мал азығы жеткілікті дайындалған. Быйылғы жылы, әсересе құнарлы мал азығына деген дақылдар егісінің көлемі жылдағыдан екі есе арттырылған болатын. Қазір колхозда тек мал азығындық қауынның өзі 1200 центнер. Мұның барлығы шошқа фермаларының қасына тасылып үйілген. Сол сияқты, картоп және овощь дақылдарын мал азығына пайдалану үшін олардың көлемі өткен жылға қарағанда үш есе ұлғайтылды. Картоп егісінің әрбір гектарынан орта есеппен 300 центнерден өнім жыйналды. Ал мал азығына деп егілген қызылшаның, сәбіздің әрбір гектарынан 100 центнерден өнім алынды. Қазір колхозда 2900 центнерге жуық тамыржемісті мал азығы, 8500 центнер сүрленген шөп бар. Фермалар жанына қазірдің өзінде 20 мың центнер шөп, 5 мың центнерге жуық сабан тасылып үйілді. Колхозда екі азық-буландырғыш жұмыс істейді.

Бұл колхоздың колхозшылары келесі жылы егіншілік пен мал шаруашылығынан алынатын табысты біржарым еседей ұлғайтуды ұйғарып отыр. Мұнда алдағы жылы барлық дәнді дақыл дайындалған жерге себіледі. Оның әрбір гектарынан орта есеппен 100 пұттан өнім алу жоспарланған. Сол сияқты, колхозда құрылыс жұмыстары да кеңінен жүргізіледі. Қой басының өсуіне байланысты жаңадан стандартты 800 бастық қой қорасы, 1500 бастық құс қорасы салынады. Келер жылы 1500 тонналық астық қырманындағы жұмыс толық механикаландырылатын болады. Мұның өзі ондаған колхозшылардың еңбегін жеңілдетіп, оларды жұмыстың басқа участоктерінде жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Өте қуанарлық бір жұмыс — келесі жылы колхозда 30 киловаттық электр станциясы жұмыс істейді. Мұның өзі колхоз дәулетін бұдан да арттыра беруге келелі үлес қосады.

**З. ҚАСКЕЕВ,**

**Конюхов ауданы, «Красный крепость» колхозы.**

## ЛЕНИНГРАД ЕҢБЕКШІЛЕРІНІҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

ЛЕНИНГРАД, 13 ноябрь. (СОТА). Москва еңбекшілерінің патриоттық бастамасы Ленинград фабрикалары мен заводтарында кеңінен қолдау табуда. Кәсіпорындарының коллективтері өздерінің социалистік міндеттемелерін қайта қарап, еңбек өнімділігін арттырудың және өнім сапасын жақсартудың жаңа жолдарын белгілеуде.

Киров заводының коллективі жалпы өнім шығарудың бесжылдық тапсырмасын 1955 жылдың 5 декабріне орындауға, еңбек өнімділігін үстіміздегі жылғы қол жеткен табыстармен салыстырғанда, келесі жылы 8 процентке арттыруға, 12 жаңа конструкциялы машиналар шығаруға міндеттеме алды.

В. И. Ленин атындағы Нева машина жасау заводының коллективі жалпы өнім шығарудың бесжылдық жоспарын Ұлы Октябрьдің 38 жылдығы қарсаңына орындап шығуды ұйғарды. Соңғы уақыттарда кәсіпорнында тапсырмадан тыс екі турбина құрастырылды. Коллектив 1955 жылы еңбек өнімділігін 1950 жылғымен салыстырғанда 75 процент арттыруға, 1950 жылға қарағанда халық тұтынатын товарларды шығаруды 5,5 есе арттыруға, жаңа типті екі турбина мен 8 типті компрессорлар шығаруға ұйғарып отыр.

## Бесжылдық мерзімінен жартыжыл бұрын орындалмақ

РИГА, 13 ноябрь. (СОТА). Электр станциялары үшін жабдықтар шығаратын «Латвэнерго» заводының коллективі өндіріс программасын жылдан жылға асыра орындайды. Ұлы Октябрьдің 37 жылдығына төрт жылдық жоспарда белгілентендегіден бес миллион сомның өнімі артық шығарылды. Қазір кәсіпорнының коллективі жылдық тапсырмадан тыс бұйымдар шығаруда. С. М. Киров атындағы «Электросила» заводында үстіміздегі жылы еңбек өнімділігі 1950 жылғымен салыстырғанда 40 проценттен аса өсіп отыр. Быйылғы жылы шығарылатын трубогенераторлардың жалпы қуаты 1950 жылғы дәрежеден үш есеге жуық асып түседі, ал гидрогенераторлар бес еседен астам болып отыр.

Завод коллективі бесінші бесжылдық жоспарды жалпы өнім шығарудан белгіленген мерзімнен алты ай бұрын орындап шығуға, 1955 жылы еңбек өнімділігін 1950 жылғы уақытпен салыстырғанда 50 процентке арттыруды ұйғарды.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

# Партия басшылығы жаңа, өскелең міндеттердің дәрежесінде болсын

## Булаев аудандық XIX партия конференциясы

Булаев ауданының экономикасында ауыл шаруашылығы, оның негізгі саласы —астық шаруашылығы шешуші роль атқарады. Ауданда бес ірі астық совхозы, 13 колхоз, 2 машина-трактор станциясы бар.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль март Пленумдары және партия мен үкметтің ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі басқа да қаулылары жарияланғаннан кейін, бүкіл еліміздегі сияқты ауданда тың жерлерді игеру, астық өндірісін ұлғайту жолындағы күрес анағұрлым күшейді. Ауданда жаңадан үш астық совхозы ұйымдастырылды. Олар отандық жаңа техникамен барынша қамтамасыз етілді.

Ауданның өмірінде болған өзгерістер жергілікті партия және басқа ұйымдардан шаруашылық және мәдени құрылыс мәселелерін шешуге іскерлікпен басшылық жасауды талап етті.

XIX партия конференциясында есепті баяндама жасаған аудандық партия комитетінің секретары Курлов жолдас делегаттарға аудандық партия комитетінің соңғы бір жыл ішінде істеген жұмысы туралы баяндады. Ауыл шаруашылығы мәселелері, аудандық партия комитеттерінің аппараттарын қайта құру жөнінде партиямыздың Орталық Комитетінің қаулыларына сәйкес ауданда МТС аймақтары бойынша аудандық партия комитетінің секретарьлары бастаған екі нұсқаушылар тобы құрылды. Олар өздерінің жұмысын тікелей қамтуындағы колхоздар мен МТС-терде жүргізді. Мемлекеттің материалдық -техникалық зор көмегінің арқасында аудан колхоздары мен совхоздары көктемгі егісті қысқа мерзімде, агротехникалық жоғары дәрежеде өткізді. Колхоздар мен совхоздар мемлекет қоймаларына өткен жылға қарағанда 289.990 пұт астықты артық құйып, астық тапсыру жоспарын артығымен орындады. Быйыл ауданда келесі жылдың егісі үшін қажетті жер толық әзірленді. Тың жерлерді игеру жөніндегі жоспар 115 процент орындалды. 67.539 гектар пар мен зябь жыртылды. 1953 жылға қарағанда үстіміздегі жылы егіс көлемі 20 мың гектардан астам ұлғайды. Алдыңғы қатарлы шаруашылықтарда қоғамдық мал басы көбейіп, оның өнімділігі артты. Сол сияқты, шаруашылықтың басқа салаларында да қол жеткен табыстар аз емес.

Алайда ауданда ауыл шаруашылығын өркендету барысы өскелең талаптардың дәрежесінен кейін қалып отырғанын айтпай кетуге болмайды. Ауданның колхоздары мен совхоздары үстіміздегі жылы ауылшаруашылық дақылдарынан және картоп пен овощьтан жоспарлы өнім ала алмады. Аудан колхоздары қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде кенже қалып отыр. Мәселен, 1953 жылға қарағанда сыйыр малы небары 6 процент қана,

аузын ашпады. Мұның өзі аудандық партия комитеті жаңа жерге қоныстанушылардың тұрмыстық мәселелерімен терең шұғылданбағанын көрсетті.

Есепті баяндама бойынша жарыссөз басталды. Делегаттар өздерінің сөздерінде аудандық комитеттің жұмысындағы кемшіліктерді батыл ашып, ауданның шаруашылық және мәдени өміріне басшылықты жақсарту жөнінде бағалы ұсыныстар жасады.

Делегаттар шаруашылық жұмыстарды ұйымдастыру жөніндегі кемшіліктер туралы айтқанда совхоздарға, МТС-терге және колхоздарға нашар басшылық жасағаны үшін аудандық партия комитетін, оның бюросын, аудандық Совет аткомін әділ сынады.

—Біз аудандық партия комитетінің өз жұмысын жаңа міндеттер дәрежесінде қайта құруын байқай алмай келдік,—деп мәлімдеді Возвышен совхозының директоры Богинич жолдас. —Партия басшылығын ауылшаруашылық өндірісіне жақындату міндеті әлі де ойдағыдай жетілмей отыр. Аудандық партия комитетінің совхоздар жөніндегі секретары Сотниченко жолдас сентябрь айына дейін біздің шаруашылықта болған да емес. Ол қайда болды? Жасыратыны жоқ, Сотниченко Ұзынкөл совхозында ұзақ уақыт тұрақты уәкіл болып, басқа шаруашылықтардың өмірінен қол үзді. Жұмыстың мұндай теріс әдісі қашан жойылады? Аудандық партия комитетінің секретарьлары Курлов және Имақов жолдастар да совхоздардың жұмысымен жеткіліксіз шұғылданады. Олар біздің жұмысымызды жақсарту жөнінде мардымды басшылық жасай алмай келеді. Курлов жолдас тек мемлекетке астық тапсырудың жайымен ғана шұғылданып, совхоз өмірінің басқа саласын, партия ұйымын ұмыт қалдырады. Біздің совхозда аудандық партия комитетінің басқа бюро мүшелері де, оның аудандық Совет аткомінің председателі Қизатов жолдас та сирек болады.

Делегат Сотниченко жолдас өзінің сөзін бастауыш партия ұйымдарының ролін арттыру мәселелеріне арнады. Аудандағы 8 совхоздың бәрінде де бастауыш партия ұйымдары бар. Бірақ олар ауыл шаруашылығы жөнінде партия мен үкметтің тарихи қаулыларын барлық қызметкерлерге терең түсіндіру міндетін тиісті дәрежеде жүзеге асыра алмады. Кейбір совхоздарда бұл тарихи документтер жөнінде үгітшілердің әңгімелері, саяси баяндамалар үстірт ұйымдастырылды. Егін жыйнау кезінде астық қырмандарында саяси жұмыс мазмұнды жүргізілмеді. Ұзынкөл және Совет совхоздары партия ұйымдарының секретарьлары Грачев және Кравченко жолдастар бұқара арасында сирек болғандықтан бөлімшелердегі істің жайын жете білмейді.

Коминтерн атындағы колхоз партия

не Алматыдан бірнеше лекторлар келіп, халықаралық жағдай және басқа тақырыптарда бірнеше лекциялар, оқыды. Бірақ таңқаларлық мәселе сол —біздің өзіміздің аудандық партия комитетінің лекторлары совхоз қызметкерлері үшін лекция оқуға уақыт таба алмай жүр. Саяси және ғылми білімдер тарату жөніндегі қоғамның облыстық бөлімшесінің совхозда абономент таратып, ақша алғанына ұзақ уақыт өтті. Солай бола тұрса да, облыстық бөлімше, оның жауапты секретары Нұрмұхамедов жолдас совхозға лекторлар жіберуді кешіктіріп келеді.

Булаев совхозының директоры Кержнер жолдас жаңа жерге қоныстанушылардың қажырлы еңбектері туралы баяндады. Жаңа совхоздың коллективі зор міндеттің дәрежесінде болып, тың көтеру жөніндегі жоспарды артығымен орындады. Бірақ аудандық партия комитеті, деді шешен, жаңа совхоздар және олардың қажеттері жөнінде жеткіліксіз қамқорлық жасап отыр. Кержнер жолдас жаңа совхоздарды рентабельді, үлгілі шаруашылыққа айналдыру жөнінде орынды мәселе көтерді.

Маленков атындағы совхоз партия ұйымының секретары Крысанов жолдас өзінің сөзін жаңа совхоздардағы құрылыс мәселелеріне арнады. Ол Петропавлдағы құрылыс ұйымдары мен «Петропавлсовхозстрой» тресін сынға алды. Олар жаңа қоныстанушыларды пәтер үйлермен қамтамасыз ету жөнінде көп борышты болып отыр.

Делегаттар Артеменко, Белоусов жолдастар аудандық партия комитетінің артта қалған шаруашылықтарды алдыңғылардың қатарына қосу жөнінде қажетті шараларды жүзеге асыра алмай келгендігін айтып, бұл жөнінде нақтылы мысалдар келтірді.

Аудандық партия комитетінің бюро мүшесі, аудандық Совет аткомінің председателі Қизатов жолдас мал шаруашылығын өркендету мәселесіне тоқталды. Ол мал шаруашылығын өркендету үшін жемшөп қорының берік базасын жасаудың, мал шаруашылығындағы кадрларды тұрақтандырудың қажеттігін айтты. Сөзінің соңында Қизатов жолдас аудандық аткомге және өзіне айтылған сын пікірлерді мойындады.

Аудандық партия комитетінің Калинин МТС-і аймағы жөніндегі секретары Марук жолдастың сөзі конференция делегаттарын қанағаттандырмады. Ол өзі басқарып отырған нұсқаушылар тобының жұмысына талдау жасаудың орнына шаруашылық жұмыстардың кемшіліктерін көрсететін цифрлардың тізбегін айтумен болды.

Конференцияда Қазақстан КП облыстық комитетінің бюро мүшесі, облыстық Совет аткомінің председателі Оспанов жолдас сөз сөйлеп, аудан партия ұйымының алдында тұрған кезекті міндеттерге тоқтал-

# Ауыл шаруашылығы шеберлерін даярлау—аса маңызды міндет

## Облысымыздың агро-зоотехникалық курстарында

☆ ☆ ☆

# Колхозшылардың агро-зоотехникалық оқуы ұйымшылдықпен жүргізілсін

Ауыл- село еңбекшілерінің агрономиялық және зоотехниялық білімдерін үздіксіз көтеру, оларды ауылшаруашылық ғылымындағы жаңа табыстармен, бай тәжрибелермен күнделікті таныстырып отыру —колхоз, МТС және ауыл шаруашылығы басшы қызметкерлерінің аса жауапты міндеті.

Егіншілік пен мал шаруашылығындағы еңбекшілерді осы саладағы озат әдіс, ұтымды жаңалықтармен күнбе-күн таныстырып, іске пайдалануға дағдыландыру—бүгінгі күннің талабы. Ғылымның табыстарын және жаңалық тапқыштардың бастамасын практикалық істерінде батыл қолданған жерде барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығы және мал шаруашылығы өнімдері жыл санап өсуде. Колхозшылардың мәдени-тұрмыс дәрежелері де артуда.

Колхозшылардың шаруашылықта мұндай табысқа жетуінде және олардың техникалық білімін көтеру ісінде ауыл шаруашылығы мастерлерін даярлайтын үшжылдық агро-зоотехникалық курстардың ролі ерекше зор. Колхозшыларды өндірістегі жұмыстан қол үзбей агро-зоотехникалық курстарда оқыту жүйесі елімізде 1950 жылдан жүргізіліп келеді. Содан бергі төрт жыл бұлайша оқыту колхоз өндірісінің маман кадрларын көптеп даярлаудың ең тиімді түрі екенін байқатты.

Осындай қысқа мерзім ішінде-ақ облыстың колхоздары агро-зоотехникалық курстар арқылы ауыл шаруашылығының тамаша мамандарын дайындап алды. Мұндай курстарды бітірген мыңдаған қатардағы колхозшылар алған теориялық білімдерін практикалық істерінде қолдана отырып, тамаша табыстарға жетті.

Мысалы, Полудень ауданы, Сталин атындағы колхозда агро-зоотехникалық курстың ашылғанына быйыл төртінші жыл. Бұл курс ашылған күнінен бастап сабақты үлгілі ұйымдастырды. Курста тыңдаушы овощь өсірушілер бригадасының мүшелері оқу программасын толық меңгеріп, 15 адам бірдей овощь өсірудің шебері деген атақ алды. Олар өздерінің практикалық жұмыстарын теориямен берік ұштастыра отырып, соңғы екі жыл ішінде колхоздың овощь өсіруден алатын табысын 2,- 2,5 есе арттырды. Сибирь ауа райы жағдайының өзінде олар 1953 жылдан бері помидордың әрбір гектарынан 250 центнер, капустадан 300-350 центнерден және картоптан 200 центнерге дейін өнім алуға жетісті.

Зоотехникалық курста оқу жұмысы Петропавл ауданының Сталин атындағы

100 литрден 200 литрге дейін артқан.

1 октябрьде колхоз фермасындағы 370 сыйырдың әрқайсысынан сауылған сүт мөлшері 1980 литрден болды. Осының нәтижесінде соңғы жылдары артель мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін көптеп тапсыруға жетісті. Колхоз үстіміздегі жылы мемлекетке тапсырған мал шаруашылығы өнімдері үшін 2 жүк машинасын алды, қол еңбегін көп тілейтін (сыйыр суару, сауу, тағы басқа) жұмыстарды механикаландырды, жаңадан бірнеше стандартты мал қораларын салды. Колхоз мал өсірушілері малды қолда-қорада бағу, жасыл шөп конвейері, малдың тұқымын асылдандыру сияқты мал бағудың озат әдістерін батыл қолдануда.

Колхоздың шошқа фермасында мал күтудің прогрессивті әдістері кең қолданылуы нәтижесінде үш жыл ішінде қолда бар шошқа түгел асыл тұқымды болды. Мегежіндер саны 30-дан 84-ке жетті. Кәзір әр мегежіннен екі жыл ішінде бес рет торай алынады.

Мал шаруашылығы өнімдері жөнінде жоғары көрсеткішке ие болғаны үшін колхоздың екі фермасы да үстіміздегі жылы Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысушы болып бекіді. Ал шошқа фермасының меңгерушісі А. И. Петров жолдас мал шаруашылығының еңбегі сіңген мастері деген құрметті атаққа ұсынылды. Бұл келтірілген мысалдар колхоз кадрларын агро-зоотехникалық курстарда оқытуды үлгілі ұйымдастырудың үлкен практикалық маңызы барлығын анықтай түседі.

Агро-зоотехникалық курстардың күнделікті шаруашылыққа тигізетін ролі зор екендігін жете түсінген шаруашылығы еңбекшілерінің бұл курстарда оқуға жазылуы жылдан-жылға көбейе түсуде. Үстіміздегі оқу жылында облыс бойынша 5950 колхозшы оқыйды, яғни быйыл өткен жылмен салыстырғанда 710 адам артық. Бірсыпыра МТС-терде жаңа оқу ұйымшылдықпен және үлкен дайындықпен басталды. Мысалға Совет МТС-ін алуға болады. Бұл МТС қамтуындағы колхоздарда агро-зоотехникалық курстарда тыңдаушылар топқа бөлінген. Курстардың сабақ өткізетін жерлері жақсы жабдықталған. Сондықтан МТС қамтуындағы колхоздардағы сабақ алғашқы күннен-ақ жақсы өткізіліп келеді. Әсресе, МТС-тің бас агрономы Борзаковский жолдастың сабағы қызықты өтеді. Ол бірінші сабақты СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумы қаулысын түсіндіруге арнады.

Колхозшылардың агрономиялық және

мамандықта және қанша білімі барлығын, практикалық тәжрибесін ескерген жөн.

Оқудың жақсы ұйымдастырылуы —сабақ жүргізуші оқытушы-мамандардың дұрыс іріктеліп алынуына байланысты. Сондықтан МТС директорлары курстарда сабақ жүргізу ісіне практикалық және теориялық білімі мол, дайындығы бар агрономдар мен зоотехниктерді белгілеулері керек. Сонымен бірге сабақ беруші мамандардың да білімін толықтырып отыруға қамқорлық жасаулары қажет. Ол үшін әр МТС-те барлық мамандар бас қосқан тұрақты семинар ұйымдастыру керек болады. Ол семинарлар колхозшыларды оқытуда ауыл шаруашылығындағы жаңалықтар мен ғылым жетістіктері туралы әңгімені қалай өткізу жайында пікір алысу, тәжрибе ауысу ретінде өтуі керек.

Тыңдаушыларға ауылшаруашылық тақырыптарға арналған фильмдерді көрсетудің үлкен маңызы бар. Мұндай фильмдер сабақтың тақырыптарына сай келеді. Сондықтан оқытушы-мамандар колхоз басқармасымен келісе отырып, үшжылдық агро-зоотехникалық курстардағы тақырыпқа байланысты фильмдердің көрсетілуін қамтамасыз етулері қажет.

Үстіміздегі жылы агро-зоотехникалық оқудағы тыңдаушылардың бірсыпырасы бүкілхалықтық университет —Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесін өз көздерімен көріп, бай тәжрибелермен танысты. Сабақ үстінде көрмеге қатысушылардың әңгімесін тыңдап және сол озат әдісті іске қалай қолдану керектігі жөнінде әңгіме ұйымдастыру қажет болады.

Ауыл шаруашылығы еңбекшілерін үшжылдық агро-зоотехникалық курстарда оқытудың зор перспективаларына және мұны ойдағыдай жүргізуге толық жағдай жасалып отырғанына қарамастан бірқатар МТС басшылары колхоздарда оқудың үздіксіз жүргізілуіне басшылық жасамай отыр. Мысалы, Петропавл МТС-і қамтуындағы Фурманов атындағы колхозда осындай себеппен агроном Николаева жолдас әлі күнге агро- зоотехникалық курстың жұмысын бастай алмай отыр. Мұндай кемшіліктің орын алуына МТС директоры Любарь жолдастың өзі кінәлі. Ол курс басқарушыларынан оқудың мезгілінде басталуын қамтамасыз етуді талап етпеді.

Ауыл шаруашылығы еңбекшілерін агро-зоотехникалық курстарда оқыту —маңызы зор іс. Сондықтан МТС пен колхоз басшылары және ауылшаруашылық органдары колхозшылардың курстарда оқуына толық жағдай жасап, істе орын алып

ген шаруашылықтар бойынша мал шаруашылығының көрсеткіштері өткен жылғыдан да төмендеп кетті.

Осылай болғандықтан да аудандық партия комитетінің есепті баяндамасында егіншілік пен мал шаруашылығын өркендетуде орын алған елеулі кемшіліктерге терең талдау жасалып, ол кемшіліктерді жоюға бағытталған нақтылы ұсыныстар жасалуға тиіс еді. Бірақ, амал не, Курлов жолдастың баяндамасы бұл үмітті ақтамады. Ол ауданның астық тапсыру жоспарын орындауына масаттанып, аудан партия ұйымының назарын жан-жақты шешуді қажет ететін міндеттерге аудара алмады. Есепті баяндамада сын мен өз ара сын жалпылама болды. Курлов жолдас ауданда тың және тыңайған жерлерді баяу игерудің сырын бөгде бір себептермен түсіндіргісі келді. Баяндамашы жаңа жерлерге қоныстанушылардың тұрмыстық жағдайларын өтеу жөнінде жұмған тың сөзі аудандық партия комитеті кадрларды іріктеп алу мәселесін тыңғылықты шеше алмай отырғанын аңғартты.

Аудандық партия комитеті, — деді ол, —басшылықты колхоздарға жақындата алмай отыр. Аз уақыттың ішінде аудандық комитеттің біздің аймақтағы нұсқаушысы үш рет ауысты. Егер аудандық партия комитетінің уәкілдері колхоздарға келгенде бастауыш партия ұйымының ролін арттыру ісімен шұғылданбайды. Осылай болғандықтан аудандық партия комитетінің жұмыс стиліндегі өзгерістер жөнінде қандай сөз болуы мүмкін.

—Бізге Москвадан, Алматыдан, Кубаньнан және басқа жерлерден көптеген патриоттар келді, —деді Жданов атындағы жаңа совхоз партия ұйымының секретары Сергеев жолдас. —Олар жұртшылықтың құрметіне бөленуде. Совхозға Отанымыздың астанасы —Москвадан жә-

Жарыссөзде барлығы 27 адам сөз сөйледі.

Конференция аудандық партия комитетінің есеп беріп отырған мерзім ішіндегі жұмысын қанағаттанарлық деп тапты, партия ұйымдарының жұмысын жақсарту жөнінде нақтылы шаралар белгілеген қарар қабылдады. Сонымен қатар конференция аудандық партия комитетінің жаңа құрамын сайлады.

* * *

XIX партия конференциясы сайлаған аудандық партия комитетінің бірінші пленумы болды. Онда ұйымдастыру мәселелері қаралып, аудандық партия комитетінің бірінші секретарлығына — В. Н. Курлов, екінші секретарлығына —С. И. Имаков, совхоздар жөніндегі секретарлығына П. Г. Сотниченко, МТС-тер аймақтары жөніндегі секретарлары болып Г. И. Шалимов, А. И. Марук жолдастар сайланды.

Курста оқушылар алған білімдерін іске пайдалана білуі арқылы мал шаруашылығынан алынатын өнім мөлшерін едәуір арттырды. Тек товарлы сүт фермасында ғана әрбір сауын сыйырдан алынатын сүт 1953 жылдан бастап орта есеппен

үшін сабақ өткізуге алдын-ала дайындықтар жасалуы шарт. Әрбір колхозда тыңдаушылар топқа бөлініп, тұрақты оқылатын күндер белгіленуі қажет.

Колхоз ішінде тыңдаушыларды оқу топтарына бөлгенде әр тыңдаушының қай

талған шараларды жедел іске асырулары қажет.

**Агроном В. ЛИ,**

**Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы насихат басқармасының бастығы.**

# КОММУНИСТЕРДІҢ АВАНГАРДТЫҚ РОЛІ

Шаруашылыққа партия басшылығын жақсарту әрқашан маңызды міндет болып келеді. Партия ұйымы шаруашылыққа басшылықты кәсіпорынның басшыларынан тыс емес, қайта солар арқылы, олардың жұмысына бақылау мен көмекті күшейту, бұқараның инициативасын қолдау арқылы жүзеге асырады. Осылай болған күнде ғана жұмыста тиісті нәтиже болады. Мұны біз партия ұйымының тәжрибесінен айқын көрудеміз.

Өткен жылы жуу цехы депода жұмысы артта қалған участоктің бірі болды. Цехтың бастығы Муреев, мастерлер Ханбеков, Соболев коллективтің жұмысына үстірт басшылық жасап, технологиялық процестерді жетілдіру жөнінде қажетті шараларды жүзеге асыруды естен шығарды.

Партия комитетінің мәжлісінде, партия жиналысында цехтың жұмысы жөнінде арнаулы мәселе талқыланды. Күн тәртібіндегі мәселені дайындауға коммунистердің үлкен тобы қатысты. Жиналыс Муреев жолдастың есебін тыңдады. Коммунистер жарыссөзде қызу сөз сөйлеп, цехтың жұмысындағы кемшіліктерді дұрыс ашты. Мұнан кейін цех бригадаларында өндірістік жиналыстар өткізілді. Онда жөндеушілер көтеріңкі міндеттемелер алды.

Партия топтары еңбек тәртібі жөніндегі мәселелерді жиі талқылап, дауыстап газет оқуды, әңгімелер өткізуді жиі ұйымдастыратын болды. Слесарь Харенко жолдас өзінің жұмыс тәжрибесі жөнінде әңгіме өткізді. Күн сайын шығатын «Молния» газеті жұмысшыларды еңбек өнімділігін еселеп арттыруға шақырды. Көрнекі үгіт те осы мақсатқа бағындырылды. Деponың бастығы паровоздарды жөндеудің жаңа графигін жасады. Коммунистердің инициативасы бойынша жұмыс орындарын байқау ұйымдастырылды. Комплексті бригадалардың бригадирлігіне коммунистер Шанин, Чепуштанов, Сахно жолдастар ұсынылды.

Коммунистер еңбекте өнеге көрсетті. Чепуштанов жолдастың бригадасы жоспарды ай сайын орындайтын болды. Комсомолец Орешин, коммунистер Шаталов және Чепуштанов жолдастардың инициативалары бойынша паровоздарды жуудың жылдамдатылған әдісі өндіріске енгізілді. Осының нәтижесінде цех артта қалушылығын жойып, өндірістік жоспарларды ай сайын орындайтын болды. Ол үстіміздегі жылы жылдамдатылған әдіспен 74 паровозды жөндеуден шығарды. Партия ұйымы бұл цехтың жұмысын онан әрі жақсарта беру жөнінде әлі де болса бірқатар шараларды жүзеге асырмақ.

Партия ұйымы инженер-техник қызметкерлерінің көмегіне сүйене отырып, паровоздарды көтеріп жөндеу цехының жұмысымен танысты. Бұл цех 1953 жылы жөндеу жұмыстарының жоспарын кейде орындай алмай, паровоздардың ұзақ уақыт бос қа тұруына жол берді. Цех бастығы Мутыль жуу цехындағы сияқты қателіктердің шырмауында болды. Ол жұмысты график бойынша жүргізуден өндіріске нұқсан келеді дегенді айтты. Партия жиналысы цех бастығының жұмысындағы кемшіліктерді батыл сынап, тиісті шаралар белгіледі. Коммунистер Миронов, слесарь Копнов, Семенов жолдастар өндірістік жоспарды орындау жолындағы социалистік жарысты ұйымдастырды.

Жүзеге асырылған бұл шаралар өзінің тиісті нәтижесін беруде. Цех январь айынан бері өндірістік жоспарды үнемі артығымен орындап келеді. Слесарь, коммунист Копнов жолдас соңғы төрт жылдың ішінде онжылдық норма орындады

Партия ұйымы жаңалық тапқыштардың инициативаларын үнемі қолдап отырады. Үстіміздегі жылы СОКП мүшесі инженер Савин жолдас оннан астам рационализаторлық ұсыныстар жасады. Ол ұсыныстардың кейбірінің одақтық маңызы бар. Савин жолдастың паровоздарды жылытып жуу жөніндегі ұсынысы 8 мың сомды үнемдеуге мүмкіндік берді. Осы сияқты, депо мастері Зайцев, слесарь Тесля және басқалары 80-нен астам рационализаторлық ұсыныстар жасады. Бұл ұсыныстардың жартысынан астамы өндіріске енгізілді.

Депоның жұмысындағы қуанарлық бір мәселе сол —үстіміздегі жылы ауыр салмақты поездарды жүргізу жөніндегі социалистік жарыс кеңінен өріс алды. Бұл социалистік жарыстың инициаторлары коммунистер Воронков, Слюнько, Леонтьев жолдастар болды. Олардың әр қайсысы тәулігіне өздері жұмыс істейтін локомотивпен жүкті неғұрлым көп тасу үшін күресуде. Олардан басқалар да үлгі алуда. Жақында машинист Секирин 5 мың тонналық ауыр салмақты поезды жүргізді. Кәзір депода барлық коммунист машинистер тек ауыр салмақты поездар жүргізеді. Машинист Слюнько жолдас соңғы бір айда 26 ауыр салмақты поезды жүргізіп, жоспардан тыс 10 мың тонна жүк тасыды. Осы сияқты, машинист коммунистер Садаков, Мезенцев, Мозговой жолдастар да жоғары көрсеткіштерге ие болуда.

Комсомолец Демидов жолдас ай сайын үш-төрт ауыр салмақты поездарды үнемделген отынмен жүргізу жөнінде бағалы инициатива көрсетті. Оның бастамасын депо коммунистері қызу қолдады. Демидов жолдастың жұмыс тәжрибесі өндірістік жиналыстарда, қабырға газеттерінде насихатталды. Паровозшылар үнемделген отынмен поездарды жүргізу жөніндегі социалистік жарысқа қызу үштасты. Осының нәтижесінде депо үстіміздегі жылы паровоздарға жұмсалатын отынның мөлшерін екі есе кемітті.

Кәзір депо коллективі Москва кәсіпорындарының бастамасын қызу қуаттап, өндірістік жоспарларды мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысқа үштасты.

**В. ИСАКОВ,**

**Паровоз депосы партия комитетінің секретары.**

## Овощь өсірушілер курсы

«Гигант» колхозындағы (Булаев ауданы) агротехникалық курс биыл бесінші жыл жұмыс істейді. Осы уақыттың ішінде курстың оқытушысы агроном Петухов жолдас ауыл шаруашылығының 20 шеберлерін даярлап шығарды. Олар үстіміздегі жылы ауылшаруашылық дақылдарын егу, егінді жазда күтіп-баптау жұмыстарына ғылым мен озат тәжрибенің табыстарын кеңінен қолданды. Мұның өзі егін шығымдылығының едәуір арттырылуын қамтамасыз етті. Мәселен, колхоздың № 3 егіс бригадасы 300 гектардан астам жаздық бидайдың әрбір гектарынан 19 центнер, № 2 егіс бригадасында 140 гектар бидайдың гектарынан 18,4 центнер өнім алынды. Келесі жылдың егістері үшін дайындалған жерлердің топырағын өңдеу ғылми негіздерде жүргізілді.

Колхозда овощь шаруашылығы жыл сайын өркендей түсуде. Осыған байланысты колхозшылар биыл овощь шаруашылығы программасы бойынша агротехникалық курс ұйымдастыруды ұйғарған болатын. Колхоз және МТС басшылары колхозшылардың бұл тілектерін қанағаттандырып, овощь өсірушілердің курсын ашты. Бұл курста овощь өсіруші бригаданың бригадирі Киянов, звено бастығы Устименко және овощь өсіруші колхозшылар оқиды.

Курста алғашқы сабақ СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы қаулысын түсіндіруге арналды. Сабаққа тыңдаушы -овощь өсірушілер түгел келіп, оқылған тақырыпты талқылауға белсене қатысты. Овощь өсірушілер керекті оқулықтармен, көрнекі құралдармен толық қамтамасыз етілген.

**К. АРҒЫНБАЕВ.**

## БІЛІМДЕРІН КӨТЕРУДЕ

Октябрь ауданындағы «Щит» колхозының сауыншылары М. Черненко, Е. Ногевная жолдастар зоотехникалық курсте биыл үшінші жыл оқиды. Олар курсте алған білімдерін практикалық жұмыста шебер пайдалануда.

Ногевная жолдас үстіміздегі жылдың өткен он айы ішінде өзіне бекітіліп берілген 14 сиырдың әрқайсысынан 2250 литрден сүт сауды. Ал Матрена Черненконың әрбір сиырдан сауған сүті 2 мың литр болды. Бұл олардың өткен жылғы осы мерзімде сауған сүтінен анағұрлым көп. Сиырдың сүттілігін арттыруда олардың мұндай жоғары көрсеткішке жетісулері зоотехникалық курста алған білімдерін практикалық жұмыстарына дұрыс пайдалануларының нәтижесі.

Кәзір озат сауыншылар курс сабақтарына үзбей қатысып, өздерінің білімдерін толықтыра түсуде. Бұл олардың бұдан былай да өндірістік табыстарға жете беруғлеріне мүмкіндік жасайды.

**Л. АСАНОВ.**

# Біздің МТС-тегі курстарда

Бірінші ноябрьде Совет МТС-нің қамтуындағы колхоздарда үшжылдық агрозоотехникалық курстардың оқуы басталды. Барлық курстарда алғашқы сабақтар өткізілді.

Оқу жылы басталар алдында МТС-те және колхоздарда бірқатар әзірлік жұмыстары жүргізілді. МТС дирекциясы агрономдар мен зоотехниктерді агро-зоотехникалық курстарды барлық колхоздарда бірдей ұйымдастыруға міндеттеп арнаулы бұйрық берді. Ол бұйрықта әрбір курста оқуға тиіс тыңдаушылардың мөлшері белгіленді. Осының негізінде барлық колхоздарда 202 колхозшы қамтылған 13 топ ұйымдастырылды.

Оқу басталардан бірер күн бұрын МТС-те агротехникалық курстардың оқуын басқаратын агрономдардың семинары өткізілді. Семинарда өткен оқу жылы ішінде істелген жұмыстарға қорытынды жасалды, агротехникалық курстарда сабақ өткізу жөнінде методикалық нұсқаулар берілді. Курстардың оқытушылары іс тәжрибелерін ортаға салып өзара пікір алысты. Биыл агротехникалық курстарда топырақты өңдеу жөнінде Т. С. Мальцев ұсынған әдісті қолдану кеңінен насихатталатын болады. Міне, осыған байланысты семинарға қатысушылар Т. С. Мальцевтің жаңа әдісі бойынша топырақты өңдеу және тұқым себу туралы баяндама тыңдады. Курстардың оқытушылары оқу программаларын, курстардың жұмысын есепке алып отыратын журналдар алды.

Барлық колхоздардағы курстарда сабақ аптасына бір рет—бейсенбі күні өткізіліп отырылатын болып белгіленді. Әрбір сабақ 6-7 сағат оқылады. Тыңдаушылардың алған теориялық білімдері колхоз өндірісінің түрлі участоктеріндегі практикалық жұмыстармен тығыз байланыстырылатын болады.

Курстардың тыңдаушыларын оқулықтармен және көрнекі құралдармен қамтамасыз ету ісіне ерекше назар аударылды. Көрнекі құрал ретінде жақсы өсірілген ауылшаруашылық дақылдардың, топырақтың және әртүрлі арам шөптердің коллекциялары әзірленді. Диафильмдер көрсету үшін МТС-те фильмоскоп бар. Тағы бір фильмоскоп алуға қаржы бөлінді. Ауылшаруашылық тақырыбына жасалған 15 диафильм бар. Бірақ, бұл өте аз. Біз агро -зоотехникалық курстардың оқуы басталудан көп бұрын облыстық ауыл шаруашылығы басқармасынан МТС-ке диафильмдер жіберуді бірнеше рет сұраған едік. Сол сұрақтарымызға осы уақытқа дейін жауап ала алғамыз жоқ. Сондықтан қолда бар диафильмдер мен фильмоскопты колхоздардағы курстарға кезекпе-кезек жіберіп отыруды ұйғарып, график жасадық. Колхоз басқармалары агро-зоотехникалық курстардың сабағын өткізуге арнаулы үй бөлді, ол үйлерді жарықпен, отынмен қамтамасыз етті. Мұның бәрі курстардың оқуын идеялық жоғары дәрежеде жүргізуге жағдай жасауда.

Үстіміздегі жылы біздің МТС-тің көптеген тракторшылары, трактор бригадасының бригадирлері, МТС қамтуындағы колхоздардың алдыңғы қатарлы колхозшылары, егіс бригадасының бригадирлері Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде болып келді. Олардың көрмеден алған тамаша зор әсерлері бар. Ол әсерлер көрмеде әзір болып көрмеген колхозшылар үшін де қызықты. Сондықтан біз әр бір курстың тыңдаушыларының көрмеге барып келгендермен кездесуін ұйымдастыруды жоспарладық. Көрмеде болып келгендер бұл кездесулерде курс тыңдаушыларына Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысушылардың табыстары жөнінде әңгіме айтатын болады.

Жаңа оқу жылы әсресе Ленин атындағы колхозда ұйымшылдықпен басталды. Мұндағы агротехникалық курстың оқытушысы агроном Финько жолдас оқуға тыңдаушылардың бірінші күннен бастап толық қатысуына жетісті. Үстіміздегі жылдың апрель айында колхоздың 17 колхозшысы үшжылдық агро-зоотехникалық курсын толық бітірді. Оларға ауылшаруашылық өндірісінің бірінші разрядты шебері деген атақ берілді. Солардың бірі Нина Триль жолдас овощь өсіруші бригаданың бригадирі болып істейді. Ол үстіміздегі жылы капустадан, картоптан басқа да овощь дақылдарынан мол өнім алуға жетісті.

Үстіміздегі оқу жылын «Көктерек», «Совет» колхоздарындағы курстардың оқытушылары агроном Триль, Неижко жолдастар да ойдағыдай бастады.

Агро-зоотехникалық курстарда оқудың жоғары сапада жүргізілуіне үлкен көмек көрсететін құралдардың бірі—кино. Солай бола тұрса да аудандық Совет аткомінің мәдениет бөліміндегілер мұны ескермей келеді. Өткен жылы мәдениет бөлімі колхоздарға ауылшаруашылық тақырыбына жасалған кинофильмдер жіберіп тұруды елемеді. Аудандық Совет аткомі мәдениет бөлімінің меңгерушісі Құрманғалиев жолдас бұл кемшіліктен тиісті қорытынды шығарып, колхоздарға ауылшаруашылық тақырыптарына жасалған кинофильмдерді көбірек жіберуді ұмытпауы керек.

**Б. БОРЗАКОВСКИЙ,**

**Совет ауданы, Совет МТС-нің аға агрономы.**

# Петропавл қаласында халық соттарының (халық судьяларын және халық заседательдерін) сайлауын өткізетін сайлау пункттерін құру туралы

## Еңбекшілер депутаттарының Петропавл қалалық Советі атқару комитетінің қарары

Петропавл қаласы № 826 13 ноябрь 1954 жыл

Қазақ ССР Конституциясының 87 статьясына, сол сияқты, «Қазақ ССР халық соттарының сайлауы туралы Ережені» 16 және 17 статьялары негізінде еңбекшілер депутаттарының қалалық Советінің атқару комитеті **қаулы етті:**

Петропавл қаласында халық соттарының (халық судьяларын және халық заседательдерін) сайлауын өткізетін мына сайлау пункттері құрылсын:

### № 16 ЛЕНИН САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША

#### № 9 сайлау пункті

Орталығы—Ленин көшесі, 53-үйдегі қалалық сауда мекемесі.

Пункттің шекаралары: Сибирь көшесі (жұп жағы) Сталин атындағы көшеден Ленин атындағы көшеге дейін, Ленин атындағы көшенің бойымен (жұп жағы) Сибирь көшесінен Базарбаев көшесіне дейін, Базарбаев көшесінің бойымен (дақ жағы) Ленин атындағы көшеден Сталин атындағы көшеге дейін, Сталин атындағы көшенің бойымен (дақ жағы) Базарбаев көшесінен Сибирь көшесіне дейін.

#### № 10 сайлау пункті

Орталығы—Ленин атындағы көше, 69-үй, Ленин атындағы мектеп.

Пункттің шекаралары: Ерназаров көшесінен Ленин атындағы көшенің бойымен (дақ жағы) Базарбаев көшесіне дейін, Базарбаев көшесінің бойымен (дақ жағы) Қарағанды көшесіне дейін, Қарағанды көшесінің бойымен (жұп жағы) Ерназаров көшесіне дейін, Ерназаров көшесінің бойымен (жұп жағы) Ленин атындағы көшеге дейін.

#### № 11 сайлау пункті

Орталығы— Степанов көшесі, 129 үй, облыстық финанс бөлімінің мекемесі.

Пункттің шекаралары: Ерназаров көшесінен Қарағанды көшесінің бойымен (дақ жағы) Базарбаев көшесіне дейін, Базарбаев көшесінің бойымен (дақ жағы) Маяковский көшесіне дейін, Маяковский көшесінен (жұп жағы) Ерназаров көшесіне дейін, Ерназаров көшесінің бойымен (жұп жағы) Қарағанды көшесіне дейін.

#### № 12 сайлау пункті

Орталығы—Челюскин көшесі, 36-үй, № 2 жетіжылдық мектеп.

Пункттің шекаралары: Луговая көшесінен диірмен ойпатының бойымен Дедов заемкасын және № 8 диірменді қоса Папанин көшесіне дейін, Папанин көшесінің бойымен (дақ жағы) Маяковский көшесіне дейін, Маяковский көшесінен (дақ жағы) Степанов көшесіне дейін, Степанов көшесінің бойымен (жұп жағы) 1-Безымянная көшесіне дейін, 1-Безымянная көшесінің бойымен (дақ жағы) Киров атындағы көшеге дейін, Киров атындағы көшенің бойымен (жұп жағы) темір жол өткеліне дейін темір жол өткелінен қала-

### № 17 ОКТЯБРЬ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША

#### № 1 сайлау пункті

Орталығы —Крупская көшесі, 47-үй, зоотехникалық- малдәрігерлік техникумның үйі.

Пункттің шекаралары: Подлужная көшесі басынан аяғына дейін, Есіл өзенінің оң жақ жағалауы бойымен Урицкий көшесіне дейін, Урицкий көшесінің бойымен (дақ жағы) оның басына дейін және ойдың шет аймағы бойымен Урицкий көшесінен Подлужная көшесіне дейін.

#### № 2 сайлау пункті

Орталығы —Крупская көшесі, 51-үй, № 7 жетіжылдық мектеп.

Пункттің шекаралары: Береговая көшесі (дақ жағы) Урицкий көшесінен Вожатый көшесіне дейін, Вожатый көшесінің бойымен (жұп жағы) Береговая көшесіне дейін, қаланың шет аймағы бойымен Вожатый көшесінен Урицкий көшесіне дейін, Урицкий көшесінің бойымен (дақ жағы) оның басынан Береговая көшесіне дейін, оған Есілдің ар жағындағы құрылыстар жатады.

#### № 3 сайлау пункті

Орталығы — Октябрь революциясы алаңындағы механикалық техникум.

Пункттің шекаралары: Театр көшесінің бойымен (жұп жағы) оның басынан Октябрь революциясы алаңына дейін, Октябрь революциясы алаңының бойымен Пушкин көшесіне дейін, Пушкин көшесінің бойымен (жұп жағы) Ленин атындағы көшеден Сталин атындағы көшеге дейін, Сталин атындағы көшенің бойымен (дақ жағы) Пушкин көшесінен Вожатый көшесіне дейін, Вожатый көшесінің бойымен (дақ жағы) Сталин атындағы көшеден оның басына дейін, ойдың шет аймағы бойымен Вожатый көшесінен Театр көшесіне дейін.

#### № 5 сайлау пункті

Орталығы —Революция көшесі, 38-үй, педагогика училищесі.

Пункттің шекаралары: Ленин атындағы көше (дақ жағы) Совет көшесінен Октябрь революциясы алаңының бойымен «Динамо» стадионын қоса Театр көшесіне дейін, Театр көшесі (дақ жағы) Октябрь революциясы алаңынан Қарағанды көшесіне дейін, Қарағанды көшесінің бойымен (жұп жағы) Театр көшесінен Совет көшесіне дейін, Совет көшесінің бойымен (жұп жағы) Қарағанды көшесінен Ленин атындағы көшеге дейін.

#### № 6 сайлау пункті

Орталығы —Базарбаев көшесі, 70-үйдегі клуб.

Пункттің шекаралары: Базарбаев көшесінен Қарағанды көшесінің бойымен (дақ жағы) Театр көшесіне дейін, Театр көшесінің бойымен (дақ жағы) оның басына дейін, ойпаттың бойымен Мая-

жаңа жатақханасы, маңындағы фин үйлерін және жеке пайдаланудағы үйлерді, № 5, 10, 14, 15, 45, 46 бараактарды қоса № 133 мектеп, қосалқы бөлшектер қоймасы, жол дистанциясының казармасы, 7 километрдегі темір жол будкасы жатады.

Бұдан кейін пункттің шекарасы Восточная көшесінің (жұп жағы) бойын ала Украин көшесінен қаланың шетіне дейін, қаланың шет аймағы бойымен № 60 мектепке, № 60 мектептен моншаға дейін барады, бұған Жол қатынас министрлігінің № 114 үйі, құрылыс участогінің жатақханасы және Жол қатынас министрлігінің № 132 үйіне жақын орналасқан үйлер, жол бөлімшесінің жұмысшыларды жабдықтау бөлімінің көмекші шаруашылығы және темір жол бойына жақын орналасқан тұрғын үйлер жатады.

#### № 17 сайлау пункті

Орталығы —Красин көшесі, 32-үй, № 47 мектеп.

Пункттің шекаралары: Пугачев көшесі (дақ жағы) темір жол бойынан Жлобин көшесіне дейін, Жлобин көшесінің бойымен (дақ жағы) Пугачев көшесінен құрылыстың аяғына дейін, Жлобин көшесінен темір жол бойына дейін, темір жолдың бойымен Пугачев көшесіне дейін.

#### № 18 сайлау пункті

Орталығы —Пугачев көшесі, 91-үй, № 44 орта мектеп.

Пункттің шекаралары: Украин көшесі (дақ жағы) Жлобин көшесінен Лермонтов көшесіне дейін, Лермонтов көшесінің бойымен (дақ жағы) Украин көшесінен құрылыстың аяғына дейін, Жлобин көшесінің бойымен (жұп жағы) Украин көшесінен құрылыстың аяғына дейін.

#### № 19 сайлау пункті

Орталығы —Пугачев көшесі, 91-үй, № 44 орта мектеп.

Пункттің шекаралары: Украин көшесі (дақ жағы) Лермонтов көшесінен Восточная көшесіне дейін, Восточная көшесінің бойымен (дақ жағы) Украин көшесінен құрылыстың аяғына дейін, Лермонтов көшесінің бойымен (жұп жағы) Украин көшесінен құрылыстың аяғына дейін, бұған аэропорт тұрған жер жатады.

#### № 33 сайлау пункті

Орталығы—№ 2 темір жол училищесі.

Пунктке: Жол қатынас министрлігінің № 115, 116, 117, 118, 119, 120, 121, 122, 123, 124, 125, 126, 127, 128, 129, 130 және 131 үйлері, № 36 ФЗО мектебі, депоның жатақханасы, техникалық мектептің жатақханасы, жатақханасымен № 2 темір жол училищесі, Жол қатынас министрлігінің № 36, 37, 35, 27 үйлері, коллектор мен № 2 темір жол училищесінің арасына орналас- [illegible]

Пунктке: Жол қатынас министрлігінің № 83, 91, 76, 80, 72, 73, 78, 75, 31, 71, 15, 67-а, 69-а, 101, 102, 59, 67, 57 үйлері, НГЧ 2-нің жатақханасы, №27 үй, құрылыс участогінің бұрынғы қызыл мүйісі, № 45 мектептің интернаты, 30 пәтерлі № 17 үй және бірінші құрылыс участогінің № 92 жатақханасы, жол қызметі 5-ші дистанциясының жатақханасы, кондукторлар резервінің жатақханасы, кондукторлар резервінің ескі жатақханасы, техникалық мектеп, «Локомотив» стадионы жатады.

#### №39 сайлау пункті

Орталығы—Ленин атындағы клуб.

Пункттің шекаралары: Свердлов көшесі (дақ жағы) Вокзал көшесінен вагон жөндеу пунктіне дейін, вагон жөндеу пунктінен темір жолдың бойымен вокзалға дейін, Петропавл станциясының вокзалынан тас жолдың бойымен Вокзал көшесіне дейін.

Пунктке: Жол қатынас министрлігінің № 66/68, 107, 13, 14, 11, 17, 100, 87, 88, 86, 89, 90 үйлері, 5-жол дистанциясының алғашқы екі үйі және № 2, 98, 23, 33, 32, 30 үйлер, жол бөлімшесі локомотив бөлімінің жатақханасы жатады.

#### № 40 сайлау пункті

Орталығы —№ 32 ФЗО мектебі.

Пункттің шекаралары: Элеватор көшесі (жұп жағы) темір жол бойынан Украин көшесіне дейін, Украин көшесінің бойымен (жұп жағы), Элеватор көшесінің Восточная көшесіне дейін, Элеватор көшесінен темір жол бойымен коллекторға дейін, коллектордың бойымен темір жол бойынан Восточная көшесіне дейін.

Пунктке Жол қатынас министрлігінің 49, 50, 52, 53, 92, 96, 93, 47, 46, 108, 109, 105, 106, 104, 111, 44 үйлері, № 29 балалар бақшасы, малдәрігерлік участок, вагон участогінің қызыл мүйісі, товар қоймасының жатақханасы, кондукторлар резервінің жатақханасы жатады.

### № 19 СТАЛИН САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША

#### № 20 сайлау пункті

Орталығы —құрылыс кеңсесінің клубы.

Пунктке құрылыс мекемесінің поселкесі жатады.

#### № 27 сайлау пункті

Орталығы —Ерназаров көшесі, 80-үй, «Главмука» завод басқармасының кеңсесі.

Пункттің шекаралары: Сталин атындағы көше (жұп жағы), Дзержинский атындағы көшеден Октябрь көшесіне дейін, Октябрь көшесінің бойымен (жұп жағы) Сталин атындағы көшеден Водопровод көшесіне дейін, Водопровод көшесінен бұрынғы орыс моласының сол [illegible]

Пунктке Капай, бұрынғы № 1 кірпіш заводының құрылыстары, құрылыс алаңына іргелес жатақхана және № 2 кірпіш заводы жатады.

#### № 34 сайлау пункті

Орталығы—Водопровод көшесі, 8-үй, № 46 мектеп.

Пункттің шекаралары: Осипенко көшесі (дақ жағы) Сталин атындағы көшеден Андреев көшесіне дейін, Андреев көшесінің бойымен (дақ жағы) Осипенко көшесінен Вокзал көшесіне дейін, Вокзал көшесінің бойымен (жұп жағы) Воровский көшесіне дейін, Воровский көшесінің бойымен (жұп жағы) Сталин атындағы көшеге дейін, Сталин атындағы көшенің бойымен (жұп жағы) Воровский көшесінен Осипенко көшесіне дейін.

### № 20 КОМСОМОЛ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША

#### № 4 сайлау пункті

Орталығы—Ленин көшесі, 11 үй, Пионерлер үйі.

Пункттің шекаралары: Базарбаев көшесінен Сталин атындағы көшенің бойымен (дақ жағы) Пушкин көшесіне дейін, Пушкин көшесінің бойымен (дақ жағы) Сталин атындағы көшеден Ленин атындағы көшеге дейін, Ленин атындағы көшенің бойымен (жұп жағы) Пушкин атындағы көшеден Базарбаев көшесіне дейін, Базарбаев көшесінің бойымен (жұп жағы) Сталин атындағы көшеге дейін.

#### № 21 сайлау пункті

Орталығы—Ешим көшесі, 30 үй, № 46 бастауыш мектеп.

Пункттің шекаралары: Спортная көшесі (жұп жағы) комсомол көшесінен Дзержинский көшесіне дейін, Дзержинский көшесінің бойымен Есіл өзеніне дейін және Есіл өзенінің жары бойымен № 1 кірпіш заводының тұрғындарын қоса Комсомол көшесіне дейін.

#### № 22 сайлау пункті

Орталығы—Пушкин көшесі, 110-үй, № 8 орта мектеп.

Пункттің шекаралары: Комсомол көшесі (дақ жағы) Спортивная көшесінен Володарский көшесіне дейін, Володарский көшесінің бойымен (жұп жағы) Комсомол көшесінен Совет көшесіне дейін, Совет көшесінің бойымен (жұп жағы) Володарский көшесінен Чкалов көшесіне дейін, Чкалов көшесінің бойымен (жұп жағы) Совет көшесінен Дзержинский көшесіне дейін, Дзержинский көшесінің бойымен Чкалов атындағы көшеден Спортивная көшесіне дейін, Спортивная көшесінің бойымен (дақ жағы) Дзержинский көшесінен Комсомол көшесіне дейін, Пунктке «Казсельпромстройдың» жатақханасы, жеке құрылыстар салынып жатқан құрылыс алаңдары және кварталдары жатады.

---

## Қоғамдық мал шаруашылығын өркендетудеміз

Біздің ауылшаруашылық артеліміз егіс көлемін едәуір ұлғайтып, астық өндіруді ойдағыдай арттыруда. Быйыл біз 2 мың гектардай тың жырттық. Жаңа жерлердің тең жарымынан астамына жаздық дақылдар егілді. Колхоз одан мол өнім алды.

Артель қоғамдық мал санын көбейтудің және малшаруашылық өнімін мемлекетке тапсырудың жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Соңғы жылдарда артельдегі жергілікті мал түгелімен жоғары өнімді малмен ауыстырылды. Кәзір фермаларда семменталь тұқымды сыйыр малы, ірі ақ тұқымды шошқалар, меринос қойлары өсіріледі.

Колхозшылар қой шаруашылығын өркендетуде зор табыстарға жетті. Кәзір біздегі қойлардың бәрі меринос қойлар. Үстіміздегі жылы мемлекетке жүн тапсыру мен сатудан ғана колхоз 675.000 сом табыс алды. Жүн жыл сайын көп қырқылуда. Быйыл әрбір қойдан қырқылған жүн өткен жылдағыға қарағанда орта есеппен жарты килограмм артық болды. Шопандар Ұлан Наранчук, Мекебай Мергенбаев, Ысқақ Саранов әрбір жүз саулықтан быйылғы жылы 120—130 қозы өсірді.

Колхозшылар биязы жүнді қойлардың санын 30 мыңға жеткізуді ұйғарды. Бұған барлық мүмкіншіліктер бар. Колхоздың отардағы жайылымдарына арналып жақсы участоктер бөлінген. Онда қысқа мерзімнің ішінде қой бағушылардың поселкесі орнады. Поселкеде шопандарға арналған кең, жарық үйлер, клуб, кітапхана, магазин, медициналық пункт салынған. Қойға арнап 20 қора салынды. Қой фермасының коллективі қыста мал күтуге жақсы әзірленді, жемшөп пен минерал қосымша азықтың қажетті қорын жасады.

Басқа мал фермалары да қысқа толық әзірленді.

**А. СЕРГЕЕВ,**
**Семей облысы, Ново-Покров ауданының Киров атындағы колхозының председателі.**

---

## Инженер Нетесовтың рационализаторлық ұсынысы

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Өскеменнің құрылыс алаңдарында темірбетон бұйымдарды механизмдердің көмегінсіз түсіруге бейімделген, ұзартылған қорапты жүкті өздігінен түсіретін автомобильдер пайда болды.

Қораптарды қайта жабдықтау «Алтайсвинецстрой» тресінің инженері Нетесовтың ұсынысы бойынша жүзеге асырылды. Қораптың 40 сантиметр ұзартылуы нәтижесінде оның артқы қабырғасы еңкейтілген кезде жерге жетеді. Мұның өзі темірбетон бұйымдарды жүкшілердің және көтергіш механизмдердің көмегінсіз түсіруге мүмкіндік береді. Жүк қорап арқылы сырғып өздігінен алаңға түседі, мұның өзінде ол жерге қатты соғылмайды, ал әдеттегі ұзындықтағы қораптарда мұндай жағдай болмайды. Енді жүк бұған дейінгідегіден алты есе тез түсірілетін болды.

---

## Мемлекетке астық сатудан мол

станция және Киров атындағы көшенің аяғындағы темір жол өткеліндегі үйлер жатады.

### № 13 сайлау пункті

Орталығы—Шағын двигательдер заводының клубы.

Пункттің шекаралары: Маяковский көшесінің бойымен (дақ жағы) Ерназаров көшесінен Степанов көшесіне дейін, Степанов көшесінің бойымен (дақ жағы) Маяковский көшесінен 1-Безымянная көшесіне дейін, 1-Безымянная көшесінің бойымен (жұп жағы) Степанов көшесінен Киров көшесіне дейін, Киров көшесінің бойымен (жұп жағы) I-Безымянная көшесінен темір жол өткеліне дейін, Ерназаров көшесінің бойымен (дақ жағы) Маяковский көшесінен Кәрім-Сутюшев көшесіне дейін, Кәрім Сутюшев көшесінің бойымен Ерназаров көшесінен элеватор территориясын қосқанда, элеватор жанындағы темір жол өткеліне дейін. Пунктке бұрынғы мұсылман зыйратының күзет үйі, қалалық құрылыс мекемесі, облыстық құрылыс мекемесі, «Заготживсырьенің» базасы, спирт заводы, автотектің көмір қоймасы, облыстық тұтынушылар одағының бұйым базасы, ағаш қоймасы, қалалық соғыс комиссариаты, шағын двигательдер заводы, «Заготзерноның» базасы, инкубатор станциясы, «Заготскоттың» мал семірту пункті, автомобиль ротасы, элеватордың құрылыс алаңы, «Энергия» стадионы, ипподром және жоғарыда көрсетілген шекаралардағы тұрғын үйлер жатады.

### № 26 сайлау пункті

Орталығы —«Сельхозснаб» мекемесі.

Пункттің шекаралары: Ерназаров көшесінің бойымен (дақ жағы) Кәрім Сутюшев көшесінен Ленин атындағы көшеге дейін. Ленин атындағы көшенің бойымен (жұп жағы) Сибирь көшесіне дейін, Сибирь көшесінің бойымен (дақ жағы) Ленин атындағы көшеден Сталин атындағы көшеге дейін, Сталин атындағы көшенің бойымен (дақ жағы) Осипенко көшесіне дейін, Осипенко көшесінің бойымен (жұп жағы) Кәрім Сутюшев көшесіне дейін, Кәрім Сутюшев көшесінің бойымен (жұп жағы) Осипенко көшесінен Ерназаров көшесіне дейін.

көшесіне дейін, Базарбаев көшесінің бойымен (жұп жағы) Қарағанды көшесіне дейін.

### № 7 сайлау пункті

Орталығы —Қарағанды көшесі, 37-үй, май өндірісі тресінің кеңсесі.

Пункттің шекаралары: Театр көшесінен ойпаттың бойымен Маяковский көшесіне дейін, Маяковский көшесінің бойымен (дақ жағы) Папанин көшесіне дейін, Папанин көшесінен (дақ жағы) оның басына дейін, № 8 диірмен сыртындағы ойпаттың бойымен Луговая көшесіне дейін, Луговая көшесінің басынан қаланың шет аймағы бойымен оның басына дейін.

### № 8 сайлау пункті

Орталығы —Петренев көшесі, 76-үй, № 3 жетіжылдық мектеп.

Пункттің шекаралары: Базарбаев көшесінен Ленин атындағы көшенің бойымен (дақ жағы) Совет көшесіне дейін, Совет көшесінің бойымен (дақ жағы) Қарағанды көшесіне дейін, Қарағанды көшесінің бойымен (дақ жағы) Базарбаев көшесіне дейін, Базарбаев көшесінің бойымен (дақ жағы) Ленин атындағы көшеге дейін.

### № 14 сайлау пункті

Орталығы—Былғары заводының клубы,

Сайлау пунктке: былғары заводының, «Кожхимик» және «Строитель» артельдерінің, қалалық өндіріс комбинаты кірпіш заводының поселкелері жатады.

## № 18 ВОКЗАЛ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША

### № 15 сайлау пункті

Орталығы—№ 147 мектеп.

Пункттің шекаралары: Пугачев көшесі (жұп жағы) темір жол бойынан Жлобин көшесіне дейін, Жлобин көшесінің бойымен (дақ жағы) Пугачев көшесінен Украин көшесіне дейін, Украин көшесінің бойымен (дақ жағы) Жлобин көшесінен Элеватор көшесіне дейін, Элеватор көшесінің бойымен (дақ жағы) Украин көшесінен темір жол бойына дейін.

### № 16 сайлау пункті

Орталығы —№ 60 мектеп.

Пунктке: маңындағы фин үйлері мен мектеп, жеке пайдаланудағы үйлер мен су бөлетін будка, Жол қатынас министрлігінің № 112, 132 үйлері, депоның

### 35 сайлау пункті

Орталығы—Ленин атындағы клуб.

Пункттің шекаралары: Вокзал көшесі (дақ жағы) Свердлов көшесінен Андреев көшесіне дейін, Андреев көшесінің бойымен (дақ жағы) Вокзал көшесінен ет комбинатына дейін, ет комбинатын бойлай Фрунзе көшесіне дейін, Фрунзе көшесінің бойымен (жұп жағы) ет комбинатынан Воровский көшесіне дейін, Воровский көшесінің бойымен (жұп жағы) Фрунзе көшесінен Консерв көшесіне дейін. Консерв көшесінің бойымен (жұп жағы) Воровский көшесімен Свердлов көшесіне дейін, Свердлов көшесінің бойымен (жұп жағы) Консерв көшесінен Вокзал көшесіне дейін, бұған Жол қатынас министрлігінің № 67 үйі жатады.

### 36 сайлау пункті

Орталығы—№ 45 мектеп.

Пункттің шекаралары: Свердлов көшесі (жұп жағы) Котовский көшесінен Фрунзе көшесіне дейін, Фрунзе көшесінің бойымен (дақ жағы) Свердлов көшесінен ет комбинатына дейін, Фрунзе көшесінен ет комбинатын бойлай Котовский көшесіне дейін, Котовский көшесінің бойымен (жұп жағы) Свердлов көшесіне дейін.

### № 37 сайлау пункті

Орталығы—№ 151 мектеп.

Пункттің шекаралары: Свердлов көшесі (жұп жағы) Котовский көшесінен құрылыстың аяғына дейін, Котовский көшесінің бойымен (дақ жағы) Свердлов көшесінен құрылыстың аяғына дейін, бұл пунктке 1-құрылыс участогінің № 25, 26, 131 үйлері және облыстық су шаруашылығының үйі жатады.

### 38 сайлау пункті

Орталығы—Лесная көшесі, 2-үй, НГЧ 2 кеңсесі.

Пункттің шекаралары: Осипенко көшесі (дақ жағы), элеватор жанындағы өткелден Сталин атындағы көшеге дейін, Сталин атындағы көшенің бойымен (дақ жағы) Воровский көшесіне дейін, Воровский көшесінің бойымен (дақ жағы) Сталин атындағы көшеден тас жолды бойлай вокзалға дейін және темір жол бойын бойлай элеватор жанындағы өткелге дейін.

(дақ жағы) Сталин атындағы көшеден Пионер мүйісіне дейін. Пионер мүйісінен Володарский көшесіне дейін.

### № 29 сайлау пункті

Орталығы—Бостандық көшесі, 90-үй, аяқкиім фабрикасының кеңсесі.

Пункттің шекаралары: Сталин атындағы көше (жұп жағы), Октябрь көшесінен Каманин көшесіне дейін, Каманин көшесі (жұп жағы) Сталин атындағы көшеден Безбожная көшесіне дейін, Безбожная көшесінің бойымен (дақ жағы) Каманин көшесінен Октябрь көшесіне дейін, Октябрь көшесінің бойымен (дақ жағы) Безбожная көшесінен Сталин атындағы көшеге дейін.

### № 30 сайлау пункті

Орталығы—Каманин көшесі, 121-үй, клуб.

Пункттің шекаралары: Безбожная көшесі (жұп жағы), Октябрь көшесінен Каманин көшесіне дейін, Каманин көшесінің бойымен (жұп жағы) Безбожная көшесінен оның аяғына дейін, Октябрь көшесі (дақ жағы) Безбожная көшесінен Завод көшесіне дейін, Завод көшесінен Қызылту көшесіне дейін, Қызылту көшесінің бойымен Завод көшесінен оның аяғына дейін, қаланың шет жақ аймағының бойымен Қызылту көшесінің шетінен Каманин көшесіне дейін.

### № 31 сайлау пункті

Орталығы—Ет комбинатының клубы.

Пункттің шекаралары: Сталин атындағы көше (жұп жағы) Каманин көшесінен Осипенко көшесіне дейін, Осипенко көшесінің бойымен (жұп жағы) Сталин атындағы көшеден Андреев атындағы көшеге дейін, Андреев атындағы көшенің бойымен (жұп жағы) Осипенко көшесінен ет комбинатына дейін, Каманин көшесі (дақ жағы) Сталин атындағы көшеден оның аяғына дейін.

Пунктке ет комбинатының шөп базасы жатады.

### № 32 сайлау пункті

Орталығы—№ 6 асханалар тресінің үйі.

Орталығы —Крепость көшесі, 5- үй. Қазақ оқу комбинатының үйі.

Пункттің шекаралары: су қоймасынан Володарский көшесіне дейін, Володарский көшесінің бойымен (жұп жағы) Комсомол көшесіне дейін, Комсомол көшесінің бойымен (дақ жағы) Есіл өзеніне дейін, Есіл өзеніндегі ойпаттың бойымен су қоймасын қоса көпірге дейін.

### № 24 сайлау пункті

Орталығы Дзержинский көшесі, 260-үй, № 3 орта мектеп.

Пункттің шекаралары: Совет көшесінің бойымен (дақ жағы) Чкалов көшесінен Володарский көшесіне дейін, Володарский көшесінің бойымен (жұп жағы) Совет көшесінен Қазақ көшесіне дейін, Қазақ көшесінің бойымен (жұп жағы) Володарский көшесінен Чкалов көшесіне дейін, Чкалов көшесінің бойымен (дақ жағы) Қазақ көшесінен Совет көшесіне дейін. Пунктке жылу электр орталығының поселкесі жатады.

### № 25 сайлау пункті

Орталығы —Володарский көшесі, 32-үй, № 5 бастауыш мектеп.

Пункттің шекаралары: Карл-Маркс көшесі (жұп жағы) Володарский көшесінен Дзержинский көшесіне дейін, Дзержинский көшесінің бойымен (жұп жағы) Пионер мүйісіне дейін, Пионер мүйісінің бойымен (жұп жағы) Володарский көшесінің аяғына дейін, Володарский көшесінің бойымен (жұп жағы). Осы көшенің аяғынан Карл Маркс көшесіне дейін.

### № 26 сайлау пункті

Орталығы —Сталин көшесі, 36-үй, № 5 орта мектеп.

Пункттің шекаралары: Сталин атындағы көше (жұп жағы) Базар алаңынан Дзержинский көшесіне дейін, Дзержинский көшесінің бойымен (жұп жағы) Сталин атындағы көшеден Карл Маркс көшесіне дейін, Карл Маркс көшесінің бойымен (дақ жағы) Дзержинский көшесінен Базар алаңына дейін.

**Еңбекшілер депутаттарының қалалық Совет аткомінің председателі**
**М. ВОТЯКОВ.**

**Еңбекшілер депутаттарының қалалық Совет аткомінің секретары**
**Ю. ПЛОТНИКОВА.**

ПАВЛОДАР. (ҚазТАГ). Павлодар ауданының колхоздары тың жерлерде бітік егін өсірді. Атқыштар дивизиясы атындағы ауылшаруашылық артелінде зор көлемді бидай егісінің әр гектарынан 190 пұттан өнім алынды. Тельман атындағы колхозда тарыдан осындай өнім алынды. Куйбышев атындағы ауылшаруашылық артелінде мың гектарлық дәнді дақылдар егісінің әр гектарынан орта есеппен 125 пұттан өнім жыйналды. Мұндай мысалдар өте көп.

Аудан астық дайындаудың жоспарын алдыңғы қатарлылардың бірі болып орындады. Қабылдау пункттеріне мемлекетке сату есебіне астық әлі де тоқтаусыз тапсырылуда.

Мемлекетке астық сату колхоздардың қоғамдық шаруашылығының экономикасын өркендетуге көмектесуде. Егер өткен жылы үш артельдің ғана миллион сом табысы болса, быйыл жаңа жерлерді игерудің бірінші жылы ауданның барлық 18 колхозы миллионер шаруашылықтарға айналды. Киров атындағы ауылшаруашылық артелінің табысы төрт есе өсіп, 7,5 миллион сомға жетті. Бұл табыстың жартысынан астамы мемлекетке астық сатудан алынды.

## Озат тракторшы

Комсомолец Аркадий Круподеров Баян МТС-іне (Преснов ауданы) Алматыдан тың және тыңайған жерлерді игеру үшін партия шақыруы бойынша келген болатын. Ол келісімен өз тілегі бойынша МТС-те ұйымдастырылған тракторшылар курсіне оқуға түсті. Сөйтіп бұрынғы ағаш шебері аз күннің ішінде тракторшы мамандығын алды.

Еңбек сүйгіш, ынталы жас алғашқы күннен бастап-ақ өзінің жақсы жұмысымен коллектив құрметіне бөленді. Круподеров жолдас өткен маусым ішінде «ДТ-54» тракторымен жұмсақ жерге айналдырғанда 1112 гектар жер жұмыстаудың орнына 1400 гектар жер жұмыстады. Жұмысталған жердің сапасы да агротехникалық талаптарға сай.

Озат тракторшының қажырлы еңбегінің табысы да мол. Ол еңбеккүніне көп астық және ақша алды. Жақында ол Алматыдағы анасына 8500 сом ақша жіберді.

**С. ТӨЛЕГЕНОВ.**

## Тәжрибелі мұғалім

Қ. Сүлейменов жолдастың мұғалім болып қызмет істей бастағанына 20 жылдан асты. Ол кәзір Октябрь ауданындағы Қызылту жетіжылдық мектебінде істейді. Өткен оқу жылында Сүлейменов аудандық, облыстық және республикалық оқуда «Менің екі класпен жұмыс істеудегі тәжрибем» деген тақырыпта баяндама жасады.

Қазақ ССР Оқу министрлігі тәжрибелі мұғалімнің көп жылғы педагогтік жұмысын жоғары бағалап, оған «Халық ағарту ісінің озат қызметкері» значегін берді.

**Қ. ҚҰРМАНҒАЛИЕВ.**

## Көп балалы аналарды наградтау

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы жуырда ССРО Жоғарғы Советі Президиумының 1954 жылғы 18 августағы Указына сәйкес ССРО Жоғарғы Советі Президиумының атынан облысымыздың біртоп көп балалы аналарын ордендермен және медальдармен наградтады.

Тоғыз бала тапқан және тәрбиелеп өсірген 12 ана 1 дәрежелі «Ана даңқы» орденімен наградталды. Олардың ішінде Петропавл ауданындағы «Рыбное» көмекші шаруашылығында тұрушы үй шаруасындағы әйел Татьяна Харитоновна Глушак, Конюхов ауданындағы Пролетарка селосында тұрушы колхозшы әйел Ирина Петровна Кургузова, Совет ауданындағы Сталин атындағы колхоздың мүшесі Харетина Александровна Тимошенко, Приешім ауданындағы «Новая жизнь» колхозының мүшесі Әлбике Бейсенбаева бар.

Сегіз бала тапқан және тәрбиелеп өсірген 22 ана II дәрежелі «Ана даңқы» орденімен ,жеті бала тапқан және тәрбиелеп өсірген 59 ана III-дәрежелі «Ана даңқы» орденімен наградталды. Оның ішінде Петропавлда тұрушы үй шаруасындағы әйел Меңзифа Биктаһирова, Октябрь ауданы, «Путь к коммунизму» колхозының мүшесі Ракима Әбілтаева, Ленин ауданы, «Искра» колхозының мүшесі Елизавета Ивановна Старинко II-дәрежелі «Ана даңқы» орденімен, Булаев ауданы, Чистов совхозында тұрушы үй шаруасындағы әйел Рахима Байжігітова, Конюхов ауданындағы «Новый путь» колхозының мүшесі Екатерина Степановна Турьева және басқалары III-дәрежелі «Ана даңқы» орденімен наградталды.

I-дәрежелі «Ана медалі» медалімен наградталғандардың ішінде алты бала тапқан және тәрбиелеп өсірген 76 ана, II-дәрежелі «Ана медалі» медалімен наградталғандардың ішінде бес бала тапқан және тәрбиелеп өсірген 132 ана бар.

## Құрылысшылар табысы

Ленин ауданы, Аманкелді атындағы колхозда быйыл құрылыс бригадасы жұмыс істеді. Оны алдыңғы қатарлы колхозшылардың бірі Б. Шоқанаев жолдас басқарды. Бригада мүшелері жаңа құрылыстар салуда қажырлы еңбек етіп, едәуір табыстарға ие болып отыр.

Мәселен, 2000 қой сыятын саман- кірпіштен салынған стандартты қораның, 500 қозы тұратын үйдің және 150 бас бұзау үйінің құрылыс жұмыстарын мерзімінен бұрын аяқтап, олар пайдалануға берді. Сонымен бірге, қой фермасындағы шопандардың семьялары үшін 3 пәтерлі үй, сыйыр фермасындағы малшылардың семьялары үшін 4 пәтерлі үй салынды. Бұл құрылыстардың жұмыстары да толық аяқталды.

Құрылыс жұмыстарында, әсресе А. Иманбеков, С. Жаналин, О. Қашқынбаев, ағаш шеберлері Р. Ақмадиев, Е. Ақботич жолдастар еңбектің тамаша үлгісін көрсетті. Олар өздеріне тапсырылған жұмыстарды ұқыпты және тез орындай отырып, құрылыс жұмыстарының мерзімінен бұрын аяқталуына жағдай жасады.

**Ғ. ШЕГЕНБАЕВ.**

# Бір мектептің жұмысындағы кемшіліктер

Қазір мектептерде оқу жылының бірінші тоқсаны аяқталды. Өткен тоқсан мектептер жұмысына енгізілген көптеген өзгешеліктердің —оқу программаларын қысқарту және өзгерістер енгізудің, қол еңбегі сабақтары мен ер балалар мен қыз балаларды бірге оқытудың оқу-тәрбие жұмыстары үшін игі әсер ететіндігін көрсетті. Алайда қаланың кейбір мектептері өздерінің жұмыстарын бұл өзгерістерге жете мән бере отырып, ойдағыдай ұйымдастыра алмады. Соның салдарынан мұндай мектептерде оқушылардың оқу үлгерісі өте төмен болды. І-тоқсанның қорытындысында өте төмен нәтиже көрсеткен мектептердің бірі—В. М. Молотов атындағы № 4 орта мектеп.

№ 4 орта мектеп қаладағы маман оқытушылар кадрларымен толық жабдықталған мектептердің бірінен саналады. Мұнда сабақ беретін оқытушылардың көпшілігі жоғары білімді, жақсы дайындығы бар адамдар. Мектептің оқу құралдар базасы да бай. Демек, мұнда оқу-тәрбие жұмыстарын ойдағыдай ұйымдастыруға, сөйтіп оқушылардың оқу үлгерісін жақсартуға барлық мүмкіншілік бар. Алайда оқу жылының І-тоқсанының қорытындысы бұл мүмкіншіліктердің толық пайдаланылмай келе жатқандығын көрсетті.

Мектепте барлығы 530 оқушы оқыйды. І-тоқсанның оқу қорытындысы бойынша бұл оқушылардың тең жарымы төмен баға алды. Үлгермеушілердің көпшілігінің кемінде 2-3 пәннен төмен бағалары, ал кейбірінің 7-8 пәнге дейін төмен бағалары бар. Оқушылар қанағаттанғысыз бағалардың көпшілігін орыс тілі мен әдебиеті және математика пәндерінен алды. Мұның өзі мектептерде бұл пәндердің оқытылу сапасының төмен дәрежеде екендігін көрсетеді.

Жастарымызды сауатты және мәдениетті тәрбиелеуде мектептердің тіл пәндері сабақтарының сапалы өткізілуінің зор мәні бар. Мектепте тіл мен әдебиеттен сабақ өткізілгенде оқушылардың өз ойын дұрыс жеткізе білуіне, дұрыс сөйлеуіне баса көңіл бөлінуі керек. Алайда аталған мектептің тіл пәнінің оқытушылары бұл мәселеге жете назар аудармайтындығы байқалады. Тіпті жоғары класс оқушыларының көпшілігінің әдеби тілдері кедей, берген жауаптары дұрыс әдеби тілге құрылмайды. Сол сияқты, оқушылардың күнделікті сабаққа әзірленіп келуі де қатаң бақыланбайды. Соның салдарынан оқушылардың сабаққа әзірленбей келуі жиі кездеседі. Мәселен, 10-«б» класының оқушысы Проводникова орыс әдебиет сабағына (оқытушысы Т. Тарасенко жолдас) дайындалмай келген. Ол В. В. Маяковскийдің өмір баянын айтқанда оқытушының сұрағына жауап бере алмады. Ал оқушы Брюхованың берген жауабы да қанағаттанғысыз болды. Сабақта жауап берген оқушылардың еш қайсысы Маяковский өмірін сол кездегі тарихи жағдайлармен байланыстыра, Россиядағы революциялық қозғалыстарға талдау жасай отырып айтып бере алған жоқ. Мұндай жағдай оқушылардың өтілген материалды жан-жақты, терең меңгермегендіктерін көрсетеді.

мен, күнделікті өмірмен тығыз байланыстырыла түсіндірілсе, ол оқушылардың бұл материалдарды игеруін анағұрлым жеңілдеткен болар еді.

Көрнекі құралдар басқа пәндер бойынша да жеткіліксіз пайдаланылады. Лабораториялық жұмыстар үшін арнаулы бөлме жабдықталмаған. Сондықтан лабораториялық жұмыстар кластарда сабақ үстінде өткізіледі. Мұның өзі лабораториялық жұмыстардың сапасына көп нұқсан келтіреді, оған оқушылардың түгел қатынасуына мүмкіншілік бермейді. Көп реттерде лабораториялық жұмыстарды оқытушылардың өздері ғана жасап, оқушылардың теориялық білімдерін практика жүзінде қолдануы қарастырылмайды.

Жаңа оқу программаларында қол еңбегіне көп маңыз берілген. Бірақ мектепте оқушыларды еңбекке тәрбиелеу, олардың практикалық іскерліктерін жетілдіру ойдағыдай ұйымдастырылмай отыр.

Оқу-тәрбие жұмыстарының табысты болуы мектеп комсомол, пионер ұйымдарының ұйымшылдықпен жұмыс істеуіне тығыз байланысты. Комсомол, пионер ұйымдары педагогтермен тығыз байланыс жасай отырып, оқушыларды ынтымағы күшті коллективке ұйымдастыруы тиіс. Алайда мұндағы комсомол ұйымы (секретары Сологубова жолдас) оқушылардың оқу үлгерісін жақсарту сияқты маңызды мәселеден тыс қалған. Бұған комсомол комитетінің мәжлісінде оқу үлгерісі жөнінде ешқандай мәселе қарамағандығы, бұл мәселеге арналған бірде-бір жыйналыс өткізілмегендігі айқын дәлел бола алады.

Мектептің оқушылардың ата-аналарымен байланысы нашар. Өткен екі ай ішінде екі рет туысқандар жыйналысы өткізілген. Бірақ бұл жыйналыстардың бірде-бірінде оқу-тәрбие жұмыстарын жақсарту туралы мәселе талқыланбаған. Тіпті әлі күнге дейін мектепте туысқандар комитеті сайланбаған.

Оқушылардың оқу үлгерісі нашар болуына оқытушылардың тәрбие жұмыстарының да дұрыс жолға қойылмауы көп әсер етіп отыр. Мектепте сабақтан тыс жүргізілетін тәрбие жұмыстарының сапасы нашар. Көп кластардың класс жетекшілері жиі ауыстырыла берілуі мұнда әдетке айналған. Мәселен, 8 «б» класының класс жетекшісі екі айдың ішінде үш рет ауыстырылған. Әрине мұндай жағдайда класта жақсы жолға қойылған тәрбие жұмысының болуы мүмкін емес. Соның салдарынан өткен тоқсанда кластағы 26 оқушының 20-сы үлгермеді. Класс жетекшісі оқушыларға дұрыс тәрбие беретін, олардың тілектеріне үнемі көңіл бөліп отыратын адам. Сондықтан оның ретсіз ауыстырыла беруіне жол беруге болмайды.

Мектептегі оқу үлгерісінің мұндай қанағаттанғысыз болуын мектеп директоры Володина жолдас ер балалар мен қыздарды бірге оқытуға байланысты кездескен қыйыншылықтармен түсіндірмек болады. Бұл дұрыс емес. Мәселе мектеп дирекциясының оқу-тәрбие жұмыстарын жақсартуға қолда бар мүмкіншіліктерді

## ЛИВАНДА БОЛҒАН СОВЕТ СПОРТ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІН НАГРАДТАУ

БЕЙРУТ, (СОТА). Бүгін Ливан республикасының президенті Калиль Шамун советтік «Торпедо» қоғамы футболшыларының спорт делегациясының басшысы Зайцевті және делегация басшысының орынбасары Горшковты ұлттық «Ливан самырсыны» орденімен наградтады.

Президент ливан ордендерін тікелей өзі тапсырып, былай деді: Мен сіздерді наградтау арқылы Ливанда болған совет футболшыларын наградтаймын. Біз совет спорт командаларының әрбір спорт маусымы сайын Ливанда болуын тілейміз.

Орденді тапсырған кезде СССР-ның Ливандағы кіші елшісі В. А. Беляев болды.

## БҮКІЛДҮНИЕЖҮЗІЛІК БЕЙБІТШІЛІК СОВЕТІ СЕССИЯСЫНЫҢ АЛДЫНДА

СТОКГОЛЬМ, 13 ноябрь. (СОТА). Бүкілдүниежүзілік Бейбітшілік Советінің секретариаты баспасөзге арналған мазмұндамасында былай деп хабарлайды:

18 ноябрьде Стокгольмде ашылатын Бүкілдүниежүзілік Бейбітшілік Советі сессиясының күн тәртібіне мынандай мәселелер кіргізіледі:

1. Өздерінің жалпы хауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында барлық Европа елдерінің ынтымақтастығы.

2. Шетелдік интервенция мен соғыс блоктары және коалициялары жүйесінің салдарынан Азияның әртүрлі бөлімдерінде туып отырған жағдай.

3. Ұлттың ішкі істеріне араласудың салдарынан Оңтүстік Африкада туып отырған жағдай.

4. Қарусыздандыру мен жаппай қырып-жоятын қаруларға тыйым салуды қамтамасыз ету мақсатында бейбітшілік сүйгіш күштердің қыймылы.

5. 1955 жылдың алғашқы жартысында барлық елдердің бейбітшілік сүйгіш күштері өкілдерімен кездесуге дайындық.

## ФРАНЦУЗ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ПЛЕНУМЫНДА

ПАРИЖ, 14 ноябрь. (СОТА). Француз Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Пленумы «Юманите» редакциясының міндеті мен газетті таратуда жүргізілетін партияның шаралары туралы Саяси бюроның мүшесі Этьен Фажонның баяндамасын тыңдап, талқылады.

Пленум «Юманите» газетінің жұмысын жақсарту және оны таратудың жолдарын белгілейтін қарар қабылдады.

## ҒЫЛМИ КИНЕМАТОГРАФИЯНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНГРЕСІ

РИМ, 14 ноябрь. (СОТА). Римде халықаралық ғылми кинематографияның сегізінші конгресі өзінің жұмысын аяқтады. Оған 23 елдің өкілдері қатысты. Конгресте ғылми кинематографияның теориясы мен практикалық мәселелері жөніндегі хабарлар тыңдалды. Конгреске қатысушылар 62 ғылми фильмдерді көрді. Ерекше табысқа ие болған советтік «Өмір атына» және «Фитонцидтер» фильмдері көруші жұртшылықты қатты қызықтырды.

# Батыс Германияның жастары әскери міндетті енгізу жоспарларына қарсы шығуда

ВЕНА, (СОТА). Батыс Германиядағы неміс жастарының көпшілігі алдағы уақытта вермахтқа адам алынатындығы туралы хабарды үрейленіп, ашу-ызамен қарсы алған. Батысгерманиялық «Зюддейче цейтунг» газеті 7 ноябрьдегі мақаласында армияға шақырылушылар жаңа әскери реформаны талқылауға «еркін» қатысып отыр-мыс деп көрсету мақсатын алдына қойса да, дегенмен Батыс Германия жастарының зеңбірек жемтігі болғысы келмейтінін көрсететін фактілерді амалсыздан хабарлады. Жоғарыда көрсетілген газет былай деп хабарлайды: ноябрьдің бас кезінде Кельнде Бланк ведомствосы шақыру жасындағы жастар үшін: «жыйырма жастағылардың солдат болғысы келе ме?» деген тақырыпта дискуссия ұйымдастырды. Кельннің бас вокзалының дискуссия өткізілген поезд күту залына жастар лық толды. Залда орын жетпеген жүздеген жас адамдар терезелер мен есіктердің қасында сығылысып тұрды. «Дискуссия басталғаннан кейін бірнеше минут өткеннің өзінде-ақ,—деп жазған газет,—олардың солдат болғысы келмейтінінде ешқандай күмән қалған жоқ» Дегенмен, Бланк ведомствосының өкілдері деп жазған газет бұдан кейін, бұған өзір еді: жұртшылық пікірі институты (ЗММИД) ведомствоға жас адамдардың 25 проценті ғана солдат болуға келісім берді деп хабарлады.

Жыйналғандардың арасында құпия агенттер мен фоторепортерлер болып, олардың сөз сөйлеушілерді суретке түсіріп алғанына қарамастан, көптеген жас жігіттер жаңа вермахт құруға қарсы және соғысқа әзірленуге қарсы жалынды жігермен батыл пікір айтқан. Залда соғысқа қарсы листовкалар таратылған.

Бірінші болып сөз сөйлеген Бланк ведомствосы баспасөз бөлімінің бастығы Ганс Гуорға қарсы мысқылдаған мынадай наразы сөздер айтылған: «Бізге армияның керегі жоқ!», «Мұны бізсіз шешкен!», «Біздің вермахтта қызмет еткіміз келмейді!». Осы сөз сөйлеушінің зор қыйыншылықпен бірнеше сөз айтуға ғана шамасы келген. Газет «баяндамашының дәті шыдамады», ол трибунадан «жүнделіп» түсті деп атап көрсетуге мәжбүр болған.

Бланк ведомствосының екінші өкілі граф Вольф Баудиссион өзінің сөзінде геббельстік даурықпаның бүкіл құралын пайдаланған.

Дискуссияда шығып сөйлегендердің көбі Бланк ведомствосының өкілдерін қатты сынаған. Шығып сөйлеушілердің бірі былай деген: «Менің әкем соңғы соғыста қаза болды. Мемлекет бізге 30 марка мөлшерінде пенсия төлеп отыр. Міне осыған күнелтіп көріңіз! Осыдан кейінгі жерде де мен солдат болуға тиіспін бе?». Басқа бір сөйлеуші былай деген: «Солдат болу дейсіз бе? Не үшін? Германия үшін бе? Бірақ Германия федералдық республикадан ғана құрылып отырған жоқ қой. Менің советтік аймақтағы өз бауырларыма оқ атқым келмейді». Барлық жыйналғандардың ішінен бір-ақ адам ғана әскери міндет енгізуді жақтаған.

Бланк ведомствосының өкілдеріне тура жағымпаздықпен қарай отырып, газет олардың... поезд күту залынан қатты түңіліп кетіп қалғанын қынжылғандықпен атап көрсеткен.

Кельнде Бланктың ведомствосы ұйымдастырған әскери міндет туралы дискуссияның қорытындысы жоғарыда аталған мақаланың қосымша заголовогінде былай деп тұжырымдалған :«Мысқылдау, күмәндану, тек бір-ақ адам ғана «я» деді».

# Герман милитаризмінің қайта тудырылуына қарсы

ГААГА, 13 ноябрь. (СОТА). «Де Баархейд» газеті былай деп хабарлайды. «Бұл ешқашан да қайталанбайды» ұйымының Комитеті Голландия парламентінің екі палатасының да мүшелеріне мәлімдеме жолдаған, атап айтқанда онда былай делінген:

—«Біз Германияны қаруландыруға қарсы батыл наразылық білдіреміз, өйткені ол бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілікті сақтауға және біздің Отанымыздың хауіпсіздігіне қорқыныш туғызады. Біз батыс-европалық одақтың құрылуын айыптаймыз, өйткені ол агрессиялық вермахтың қайта тудырылмауына қарсы шын мәнінде ешқандай кепілдеме бере алмайды. Біз Европадағы хауіпсіздіктің мүддесі үшін көрсетілген жоспарларды қабылдамауға және герман мәселесін бейбітшілік жолмен реттеу жөнінде Шығыспен Батыстың арасында келіссөздердің тезарада қайта жүргізілуін талап ету керек деп есептейміз».

Мәлімдемеге 100-ден аса ғалымдар, дәрігерлер, оқытушылар, искусство мен Голландияның іскер топтарының өкілдері қол қойған.

Газет герман милитаризмінің қайта тудырылуына Голландия халқының қарсылығы өсіп отырғандығы туралы көрсететін фактілер келтірген. Гронинген провинциясында, Амстердам және Голландияның басқа да қалаларында, газеттің хабарлауына қарағанда Батыс Германияны қаруландыруға қарсы наразылық білдірулер табыспен өтуде. «Нидерландиялық әйелдер қозғалысы» елдің барлық әйелдеріне герман вермахының қайта тудырылуына мүмкіндік бермеуге шақырған.

# Төрт державаның Герман мәселесі жөнінде кеңесін шақыру үшін

## „Монд“ газетінің мақаласы

ПАРИЖ, (СОТА). Лондон және Париж біріккен Германия...

## СТАЛИНГРАДҚА БАРҒАН САПАРЫНАН ҚАЙТЫП КЕЛГЕН КОВЕНТРИ МУНИЦИПАЛЬДІ СОВЕТІ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ ПРЕСС- КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

ЛОНДОН, 14 ноябрь. (СОТА). Атом қаруына тыйым салуға шақырып, БҰҰ-ға бірлескен өтініш жолдау үшін Сталинградқа барған Ковентри муниципальді Советі мүшелерінің делегациясы Англияға қайтып келгеннен кейін пресс-конференция ұйымдастырған.

Ковентри қаласының Лорд-мэрі Феннел былай деген: Москвадағыдай, Сталинградта да делегация мүшелеріне «өзіміздің күткенімізден әлде қайда асып түскен» қабылдау болды. Ол былай деді: делегаттардың өте-мөте көңілде қалатын жылы сезімдері олардың соғыс кезінде достық байланысты нығайтқан Сталинград туралы есте қалады.

Делегаттар совет адамдарының еңбектерімен, тұрмыстарымен және әлеуметтік қызмет көрсетулері мен танысуға толық мүмкіншілік алғандықтарын айтқан.

## СОВЕТ ОДАҒЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАБЫСТАРЫ «НЬЮ ЙОРК ТАЙМС» ГАЗЕТІН ТЫНЫШСЫЗДАНДЫРУДА

НЬЮ-ЙОРК, 14 ноябрь. (СОТА). «Нью Йорк таймс» газеті өзінің редакциялық мақаласында былай деген: Совет Одағы мен АҚШ-тың техникалық табыстарын шолуда жуық арада жасалған бұл жеңістің нәтижесінде «АҚШ-тың Совет Одағынан техника жағынан басым деп жорамалдануындағы әлі күнге туып отырған наразылықты» бірінші және ақырғы рет жою керек.

Газет быйылғы жылы Совет Одағында инженерлердің АҚШ-тағыдан 2,5 есе көп екендігін; сонымен бірге Қытай және шығыс-европалық халық демократиялық елдер инженерлер мен оқымыстылар санын арттырып, оларды даярлау ісін жақсартуда, деп атап көрсеткен.

Даярланған кадрлар санының бұл сияқты өсуі, —деп жазады газет, — «біздің көзқарасымыз бойынша, соңғы жылдары мынадай күтпеген оқыйғалардың негізіне жататын, негізгі фактор, мәселен, Совет елінің атом және сутегі бомбаларын жасауы, алысқа ұшатын реактивті бомбардировщиктерді жасаудағы тездігі болып табылады».

## БАТЫС ГЕРМАНИЯДА СОҒЫС АВИАЦИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

БЕРЛИН, 13 ноябрь. (СОТА). АДН агенттігі «Дорнье» авиация компаниясы соғыс самолеттерін шығаруды қайтадан бастау үшін қажетті дайындықтарды аяқтады деп хабарлайды. «Дорнье» заводының директоры Физио «самолеттерді қайтадан шығару үшін бізге жасап отырған мүмкіндіктердің қандайын болмасын, біз пайдалануға тиіспіз» деген.

Хабарларға қарағанда, «Дорнье» заводы француздық Испанияда «ДО—25» типті жаңа соғыс самолеттерін жасап шығарған.

## БЕЛЬГИЯДА КӨМІР ӨНДІРУДІҢ ТОҚТАТЫЛУЫ

БРЮССЕЛЬ, 13 ноябрь. (СОТА). «Драпоруж» газеті «Угрэ-Мариэй» көмір тресінің дирекциясы өзінің 28 ноябрьде Со-

кезде көрнекі құралдар мен қосымша материалдар пайдаланылмайды. Тіл тақырыптарына арналған лекциялар мен баяндамалар ұйымдастырылмайды. Ал қосымша сабақтарда түсініксіз сұрақтарды оқушылардың өздері талдамайды, тек оқытушының түсінік сабақтары өткізіледі. Егер өтілген материалдар тарихи жағдайлар-

Мектептің жұмысындағы жоғарыда аталған кемшіліктердің келешекте де орын алуына төзуге болмайды. Мектеп дирекциясы мен партия ұйымы бұл кемшіліктерді дереу жойып, оқушылардың оқу үлгерісін жақсартуға шұғыл шара қолдануға тиіс.

**Ә. СҮЛЕЙМЕНОВ.**

## ФИЗКУЛЬТУРА САБАҚТАРЫ ДҰРЫС ӨТКІЗІЛМЕЙДІ

Мектептерімізде үстіміздегі оқу жылында қолданылып отырған жаңа оқу программасында оқушыларға дене тәрбиесін беруге көп көңіл бөлінген. Программа бойынша өтілетін сабақтармен бірге сабақтан тыс өткізілетін спорт жұмыстарының маңызы өте зор. Сөйтіп мектептерде физкультура сабағын жүргізудің жауаптылығы биылғы оқу жылында анағұрлым артты. Физкультура сабағының мұғалімдері мен мектеп директорлары физкультура және спорт жұмыстарын осы талапқа сай ұйымдастыруға міндетті еді. Алайда Октябрь ауданының Жаңажол жетіжылдық мектебінде физкультура сабағын өткізу және сабақтан тыс спорт жұмыстары бұл талапқа сай ұйымдастырылмай отыр.

Ең алдымен мектепте физкультура сабағын өткізу ешқандай әзірлігі жоқ, әдебиетші Н. Бөкенбаевқа тапсырылған. Бөкенбаев физкультурадан сабақ өткізгенде елеулі қателіктер жібереді. Ол көп реттерде оқушыларға программамен ешқандай байланысы жоқ жаттығулар жасатумен шұғылданады. Сабақтардың календарлық жоспары жаңа программадағы өзгерістерді ескере отырып жасалмаған.

Мектепте физкультура сабақтарын өткізетін және спорт үйірмелері үшін арнаулы орын әзірленбеген. Сабақтар класс ішінде немесе далада өткізіледі. Керекті спорт жабдықтары мұнда жоқтың қасы. Оқушылардың спорт коллективі құрылмаған, ешқандай үйірме жұмыс істемейді. Соның салдарынан мұнда өткен оқу жылынан бері бірде бір значкист дайындалмаған.

Тап осындай жағдай Қаратал жетіжылдық мектебінде де (физкультурадан сабақ беруші Ғаббасов жолдас) орын алған. Бұл мектепте физкультура сабағы көбінесе өткізілмей, оны басқа пәндермен ауыстыру сияқты жаман әдет бар. Аталған мектептердің директорлары физкультура сабағы екінші қатардағы мәселе деп санап, оған бақылау жасап, басшылық етуді естен шығарған. Соның салдарынан физкультура пәндерінің оқытушылары Бөкенбаев, Ғаббасов жолдастар сабақтарды өз қалауларынша өткізіп, программаның орындалуына мән бермейді. Ал Октябрь аудандық оқу бөлімі бұл мектептерді дайындығы, спорттық қабілеті бар оқытушылармен қамтамасыз етуді қажет деп таппаған.

Физкультура сабақтарының мұндай төмен дәрежеде жүргізілуіне жол беруге болмайды. Мектеп директорлары мен аудандық оқу бөлімі физкультура сабақтарының өткізілу сапасын жақсарту үшін дереу шара қолданулары керек.

**Т. СӘДУОВ.**

## ҮЛГІЛІ СПОРТ КОЛЛЕКТИВІ

Ленин атындағы орта мектепте (Октябрь ауданы) физкультура, спорт жұмыстары үлгілі ұйымдастырылған. Мектеп жанында спорт коллективі жұмыс істейді. Коллектив советі 9 оқушыдан құрылып, оның председательдігіне мектептің таңдаулы спортшысы, 10 класс оқушысы Бөкенбаев сайланған. Совет мектептегі спорт үйірмелерінің жұмысына бақылау жасап, әртүрлі жарыстар өткізіп отырады. Қазір мұнда жеңіл және ауыр атлеттер үйірмелері, ДОСААФ үйірмесі жұмыс істейді.

Мектептің спортшылар коллективі өз жұмыстарын үлгілі ұйымдастыра отырып болып өткен аудандық жарыстарда елеулі жеңістерге ие болды. Олар мектеп оқушыларының жазғы спартакиадасында командалық бірінші орынға ал, ауыл-село жастарының спартакиадасында екінші орынға ие болды. Мектеп шаңғышылары өткен жылғы шаңғы жарысында бірінші орынға шығып, аудандық физкультура және спорт комитетінің бірінші дәрежелі дипломымен наградталған болатын. Сол сияқты, мектеп оқушыларының көпшілігі аудандық, облыстық физкультура және спорт коллективтерінің, «Искра» ерікті спорт қоғамының дипломдарымен, бағалы сыйлықтарымен наградталған.

Спорт жұмыстарының үлгілі ұйымдастырылуында физкультура пәнінің оқытушысы Е. Смағұлов жолдастың көп еңбегі бар. Ол өз сабағын программаға сәйкес өткізумен бірге, сабақтан тыс спорт жұмыстарының табысты жұмыс істеуіне де көп көңіл бөліп, басшылық жасап отырады. Қазір мектеп спортшылары қысқы спорт маусымын табысты өткізу үшін қызу әзірленуде.

**С. ТАНАБАЕВ.**

Ақырғы мәжлісінде конгресс ғылми кинематографияның халықаралық ассоциациясының жаңа президиумын сайлады. Ассоциацияның президенттігіне Жан Пэнлев (Франция), вице- президенттігіне Виталий Ждан (ССРО) және Марио Понцо (Италия) сайланды.

## ИНДОНЕЗИЯ ЖҰРТШЫЛЫҒЫ КОЛОНИЗАТОРЛАРДЫҢ ТІМІСКІЛЕНУШІЛІКТЕРІН БАТЫЛ АЙЫПТАУДА

ДЖАКАРТА, 13 ноябрь. (СОТА). Президент Сукарноның оппозициялық партия басшыларының отанды сатушылығын айыптайтын Палембангтегі сөзі елде кеңінен қолдау тауып отыр. Көпшілік газеттер мен партиялар сатқындарға қарсы, гоминдандықтардың агрессиялық әрекеттері мен колониялық державалар агентураларына қарсы қатаң шара қолдануды талап етуде.

«Антара» агенттігі былай деп хабарлайды: Жоғарғы сот президент сөзінің негізінде колониялдық державаларға сатылған және республикалық құрылысқа қарсы, Састроамиджойо үкметіне қарсы қастандыққа қатысы бар партиялардың кейбір басшылары мен жоғарғы чиновниктерді тергеуді бастады.

«Мердека» газеті өзінің басмақаласында былай деп жазады: Батыс державалар Индонезияда өздерінің империалистік мақсаттарын жүзеге асыруға тырысып, кейбір басшылар мен чиновниктерді сатып алуда. «Бірақ, —деп жазады газет, — тәуелсіздік саясатын жүргізіп және барлық халықтармен бейбіт өмір сүруді тілеп отырған халықты сатып алуға болмайды».

## ЛИВИЯНЫҢ ИМПЕРИАЛИСТІК СОҒЫС БЛОКТАРЫНА ҚОСЫЛУДАН БАС ТАРТУЬ ЖӨНІНДЕ ЛИВИЯ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

КАИР, 13 ноябрь. (СОТА). Египеттің «Аль-Гульури» газеті Ливияның премьер министрі Мұстафа Бен Халимның Египеттің «Мыср пресс» хабар беру агенттігі тілшісімен әңгімесін жариялаған.

Ливияның пактыларға қосылуы жөніндегі сұраққа Халим былай деп жауап берген: «Ливия үкметі бұл мәселеде өзінің позициясы туралы бұдан бұрын мәлімдеген болатын. Ливияның Түрік-Пакистан пактысына, болмаса Батыс елдер құрған басқа бір пактыға қосылғысы келмейтіні жөнінде біз бірнеше рет атап айтқан болатынбыз...

Ливия үкметі, —деген бұдан әрі премьер- министр, — соғыс пактыларының қандайына болмасын қатысуға қарсы шығады және араб елдері Лигасының мүшесі ретінде Ливияның өзіне алған міндеттемелеріне қайшы келетін келісімдерге қатыса алмайды».

келісімдері ұлттық жиналыстың бекітуіне берілгенге дейін төрт державаның герман мәселесі жөніндегі келіссөздерін жүргізу талабы Францияда күшейе түсуде.

«Монд» газеті мақала жариялап, бұл мақалада да осы талап айқын бейнеленген. Герман проблемасын шешу қажет болып отырғанға дейін, деп жазған газет, бұл проблеманы шешуге тырысу үшін дипломатиялық кеңес шақыруды көздеу керек. Қарусыздандырылған Батыс Германия барлық оккупациялаушы державалар кеткен, Шығыста да, сондай-ақ Батыста да қарусыздандырылған және өз тағдырын еркін белгілей алатын судың негізгі пункті бола алады.

Ал егер Париж келісімдерінің міндет осы мақсатқа жетуді мүмкін етпейтін болып отырғанның өзінде, осы Париж келісімдері күшіне кіргеннен кейін мұндай мақсатпен келіссөздер жүргізуді елеулі түрде көздеу қалай мүмкін болар еді? Төрт державаның кеңесін тек келісімдерді (Батыс Германияны қаруландыру туралы.—Ред). бекіткенге дейін ғана өткізуге болады...

Егер келісімдер бекітілген болса, мұның өзі, ең болмағанда таяудағы болашақта, қатар өмір сүру мәселелері жөнінде кеңес шақыруға кедергі келтіреді.

## Француз әскерлері Индо-Қытайда Женева келісімін бұзуда

ПЕКИН, (СОТА). Вьетнам информациялық агенттігіне сүйене отырып, Синьхуа агенттігінің тілшісі мынаны хабарлайды: Француз Одағының әскерлері Фонг-Сали және Сам-неа провинцияларында Патет-Лао қарулы күштері қайта топтастырылған аудандарға ұдайы басып кіруде.

4 ноябрьде француздардың командованиесіндегі қарулы адамдар У-неадағы (Фонг-Салидің солтүстік-батыс жағында 70 километр жерде) аэродромды басып алды. Дәл сол күні француз офицері басқарған жүз қарулы солдат Муонг-Хуа ауданын тонап, жергілікті әкімшілік комитетінің председателін ұрлап әкеткен.

Бұдан бұрын, 26 сентябрьде 100 қарулы солдат Хоиг-Монға (Сам-неа провинциясында) басып кіріп, Патет-Лао қарулы күштері орналасқан ауданға атака жасаған болатын.

4 октябрьде француз командованиесі негізінен гоминдандықтардан құралған 500 солдаты бар отрядты У-неаға (Фонг Сали провинциясы) жіберді, мұнда олар бүкіл деревняны өртеп, жергілікті халықтан көптеген адмдарды өлтірген және жаралаған.

## Агрессияшыл орташығыстық блокты құрудың жаңа жоспарлары

ТЕЛЬ-АВИВ, (СОТА). «Давар» газетінің Лондондағы тілшісінің хабарына қарағанда, Түркия премьер-министрінің алдағы уақытта Египетке баруы Таяу Шығысты «қорғауды» ұйымдастыру жөніндегі ағылшын және американ позицияларының «өзгеруіне» байланысты болса керек. Газет былай деп жазады: батыс державалар қазір бұл істе «инициативаны» таяушығыстық мемлекеттерге беруге тырысуда, бұл үшін олардың кейбіреулері, атап айтқанда, Ирак пен Түркия араб мемлекеттері қатысуға тиісті ұйымды құру ісіне қазірдің өзінде қатысып отырғаны негізге алынуда.

Мұнымен бірге, тілші былай деп көрсетеді: Мендерестің Египетке баруын Англия мен АҚШ көтермелеп отыр, өйткені батыс державалар оларды орташығыстық блокқа қатысудың екі формасының бірін: Анкара—Карачи білігіне коллектив болып қосылуды, немесе Түрік—Пакистан пактысының филиалы болатын жаңа ұйым құруды таңдап алуға мәжбүр ету үшін Египет пен басқа араб мемлекеттеріне ықпал жүргізгілері келеді.

## АҚШ-тың штаб бастықтарының біріккен тобының председателі мен теңіз министрінің Түркияда болуы

АНКАРА, (СОТА). Анатолий агенттігінің хабарына қарағанда, АҚШ-тың штаб бастықтарынын біріккен тобының председателі Рэдфорд пен АҚШ-тың теңіз министрі Толис кеше Анкараға келген.

Анкараның «Ақшам постасы» газетінің хабарына қарағанда, Томастың Анкарада жүргізетін келіссөздеріне зор маңыз берілуде көрінеді. Бұл келіссөздердің негізгі тақырыбы Искендерундегі соғыс-теңіз базасын күшейту және осы базаны «Солтүстік Атлантика одағының соғыс-теңіз күштерінің тікелей қарамағына» беру туралы мәселе болады. Мұнымен бірге, Түркияның соғыс-теңіз флотын соғыс корабльдерімен күшейту туралы мәселе де қаралатын болады; бұл корабльдер американ көмегі есебінен 1955 жылы беріледі.

## МЕНДЕС-ФРАНСТЫҢ КАНАДА МЕН АҚШ-ҚА БАРУЫ

ПАРИЖ, 14 ноябрь. (СОТА). Франс Пресс агенттігі Францияның Министрлер Советінің Председателі Мендес-Франс кеше Канада мен АҚШ-қа жүріп кетті, деп хабарлайды.

шахтасын жабуға ниеттенгендігі туралы жариялағандығын хабарлайды. Бұл шахтерлердің қатты наразылығын тудыруда. Осы көмір тресінің тағы да екі шахтасына жабылып қалу хаупі туып отыр.

## ИТАЛИЯ ЕҢБЕКШІЛЕРІНІҢ ӨЗ ПРАВОЛАРЫ ҮШІН КҮРЕСІ

РИМ, 13 ноябрь. (СОТА). Кеше өндіріс иелерінің ұлттық еңбек келісімі жағдайының жақсартылуы туралы келіссөздерді үзгендігі себепті бүкіл Италиядағы кондитер өнеркәсібі еңбекшілерінің қырық сегіз сағаттық ереуілі басталған. Сол сияқты, қара металлургия өнеркәсібі еңбекшілері ұйымы мен өнеркәсіп иелерінің арасындағы келіссөздер де үзілген, өйткені өнеркәсіп иелері жалақыны тек 1,5 процентке арттыруға ғана келісім берген.

## ЕГИПЕТ ПРЕЗИДЕНТІ НАГИБТЫҢ ОРНЫНАН ТҮСУІ

НЬЮ-ЙОРК, 14 ноябрь. (СОТА). Ассошиэйтед Пресс агенттігі тілшісінің Каирдан берген хабарына қарағанда, бүгін советтің арнаулы мәжлісінде қабылданған Египеттің бастаушы революциялық Советінің шешім етуімен, Мұхаммед Нагиб президент пен Бастаушы революциялық Советтің председателі міндетінен босатылған. Нагибтың орнынан түсуі жөнінде толық хабарланбаған.

## БЕЛГРАДТА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАХМАТ ТУРНИРІНІҢ АЯҚТАЛУЫ

### Совет гроссмейстері Д. Бронштейн турнирде жеңіп шықты

БЕЛГРАД, 14 ноябрь. (СОТА). Кеше Белградта халықаралық шахмат турнирі аяқталды.

Бірінші орынды 13,5 ұпай нәтижесі мен совет гроссмейстері Д. Бронштейн алды. Ол 8 партияны ұтып, 11 партияны тең аяқтады, бір де бір жеңіліске ұшыраған жоқ. Екінші орынды 13 ұпай алған халықаралық мастер Матанович (Югославия) алды.

**Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**


## Киноларда

УДАРНИК» кинотеатрында

«БОГАТЫРЬ» МАРТОҒА БАРА ЖАТЫР»

Сеанстар 5, 6-40, 8-20 және 10-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

«ЕКІ БИГХТІК ЖЕР»

Сеанстар сағат 4-30, 6-30, 8-30 және 10-30-да басталады.



РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат —1-33, партия және насихат бөлімдері —0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп- транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39. корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02706. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21-үй.